



**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жынындағы
медицина колледжі**

Дәріс кешені

Пән: «Мейіргер ісі негіздері»

Мамандығы: 09130100 - "Мейіргер ісі"

Біліктілігі: 4S09130103- "Жалпы практика мейіргепі"

Курс: 2

Семестр: 4

Қорытынды бакылау түрі: Емтихан

Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредиттер: KZ: 216 / 9

Аудитория : 60

Шымкент, 2024 ж.

ОНГҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 2 беті

Дәріс кешені «Мейіргер ісі негіздері» пәннің жұмыс бағдарламасы (силабусы) негізінде құрастырылды.

Оқытушы: Мәди Ә. Қ.

Мамандығы: 09130100 - "Мейіргер ісі"

Біліктілігі: 4S09130103- "Жалпы практика мейіргері"

Дәріс кешені «Мейіргер ісі-2» кафедра мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 1 " 02 " 08 2024 ж.

Кафедра менгерушісі: Г.Н. Айбекова

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <small>—1979—</small>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 ()	60 беттің 3 беті

Дәріс №1

4.1. Тақырыбы: Кіріспе. Мейіргер ісі философиясы. Медициналық этика және деонтология негіздері.

4.2. Мақсаты:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

Медицина - ең ежелгі мамандықтардың бірі. Ол ем қолданып, шипа дарытуудың бай тәжірибесін менгеріп, адам іс әрекеттерінің өзге түрлерінен ерекшеленетін белгілі бір қасиеттер иеленеді. Көне замандардан бері дәрігерлікпен шұғылданатын адамдарға айрықша адамгершілік талаптар қойылып келеді. Ежелгі дәүір медицинасында дәрігерлер басшылыққа алуға тиісті адамгершілік талаптардың тұтас бір жиынтығы калыптасқан.

Дәрігер беделіне жете мән берген ежелгі дәүір медицинасының негізін қалаушы Гипократтың (б.д.д. 460-377 жж..) адамгершілік қасиеттері кең тараптады. Арада едәуір уақыт (2500 жылдан астам) өткеніне, әрі заманның ғылыми жетістіктеріне қарамастан, кейінгі деонтологиялық қағидалардың барлығы, тіпті қазіргілері де «Гиппократ антының» мазмұнын бұлжытпай қайталайды.

Ортағасырлар кезінде медицина қызметкерлерінің мінез құлқына философ, ғалым Эбу Әли ибн Сина (Авиценна) жеке көңіл бөлген. Авиценна медицина ғылымында өшпес із қалдырған ғұлама емші болды. Оның «Канон врачебной науки», - атты негізгі еңбегі бес ғасыр бойы (ХН-ХVII) шығыстың да, батыс европа елдерінің де, медицина университеттерінде оқытылып келді және 35 рет қайта басылып шықты. Авиценна, дәрігер айрықша тәндік және рухани қасиеттерге -сұнкардың қырағылығына, қыздай жұмсақ қолына, жыланның даналығы мен арыстанның жүректілігіне ие болуға тиіс, - деп есептеді.

Қоғамдағы адамдардың мінез-құлқы мене өзара қарым-қатынасы көптеген нормалармен, ережелермен және салт-дәстүрлермен реттеледі.

Этика— адамгершілік туралы және оның әлеуметтік мәні туралы ілім. Медициналық этика - медицина қызметкерлерінің адамгершілік қасиеттерінде көрініс табуда. Ол медицина қызметкерлерінің ерекшеліктері мен қоғамда алатын орнына байланысты мінез-құлқы нормаларын реттейтін қағидалар жиынтығын қамтып, дәрігердің науқастармен және олардың туыстарымен өзара қарым-қатынасын, тән және жан тазалығын қарастырады.

Медициналық этиканың құрамдас бөлігі деонтология болып табылады. Бұл жаңа ғылым саласы XIX ғасырдың басында пайда болды (грекше deon - тиісті; logos - ғылым, ілім). Деонтология термині қолданысқа енгеніне аса көп болтан жоқ: өткен ғасырдың басында ағылшын философы И. Бентам оны адамның кәсіби мінез-құлқы туралы ғылымның атауы ретінде ауызға алған.

Медициналық деонтология- медицина қызметкерлері қызметінің моральді-этикалық негіздерін, олардың рухани және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарын, қоғам мен халық алдындағы жауапкершіліктерін, науқастармен, олардың туыстарымен, әріптестерімен өзара қарым-қатыстарын қамтиды. Бұған дәрігердің кәсіби тұрғыдан өсу, науқастардың тілек талаптарын мейлінше қанағаттандыру мақсатымен емдеу, аурудың алдын-алу мекемелерінің қызметін ұйымдастыру мәселелері жатады. «Дәрігершеберлігі» ұғымын техникалық тәсілдер қауызына қамап қоюға болмайды. Бұл - дәрігердің бойына біткен «клиникалық ойлау жүйесі» деп аталатын, интеллектуальді жұмыс түрінде көрінетін творчестволық үрдіс. Яғни, дәрігердің мінез құлқына, алдына келген ауруды қабылдай біліп, мұқият, әрі толықтай тексеруіне, лайықты қортынды жасауына тікелей қатысты нәрсе. Дәрігер ауру адамға көмек көрсетіп, оны сырқатынан айықтыруға, еңбек ету

ОНГҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 4 беті

қабілетін қалпына келтіріп, ажалдан арашалап калуға жаралған. Бұл үшін ол өз мамандығын сүйіп кана коймай, кәсіби шеберлігін де ұдайы арттырып отыруы тиіс. Тек жеткілікті клиникалық тәжірибесі бар дәрігер ғана тиімді көмек бере алады.

4. 4. Иллюстрациялық материал: 15-20 слайд

4. 5. Эдебиет:

Соңғы бетінде

4. 6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс)

1. Медициналық этика және деонтология негіздері.

2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.

Медициналық ұйымдардағы санитариялық-эпидемиологиялық тәртіп, түрлері, тәсілдері, куралдары.

3. АИИ туралы түсінік, инфекциялық үрдіс.

Дәріс №2

4.1. Тақырыбы: Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.

4.2. Мақсаты:

- Мейірлерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

Емдеу бөлімі.

Аурухана емдеу бөлімдерінен тұрады. Емдеу бөлімдері мынадай болып келеді.

A. Жалпы сала:

- терапевтік (жүрек, өзепе, асқазан, ішек т.б. ауруларға арналған.

-Хирургиялық (қимыл мүшелерінің жарақатымен, ішкі құрылышқа операция жасайды, бастың миы шайқалған т.б.)

Былай бөлінген ауруханалар аудандық, ауылдық жерлерде жиі кездеседі.

Б. Арнайы бөлімдер, аурулардың ауыратын бір жүйесін емдеу үшін (жүрек-кардиологиялық, өкпе-пульмонологиялық, жарақат-травматологиялық нейрохирургиялық т.б.).

Кызыметтері:

1. Дәрілік көмек көрсету.
 2. Сырқатты анықтау.
 3. Үйде немесе емханада емдеуге жағдай болмаған уақытта, ем жүргізе білу.
- Емдеу бөлімінің құрылышы.
- 1.Емделушіге арналған палата.
 - 2.Емделушіге арналған санитарлық бөлме.
 - 3.Тамақ таратуға арналған буфет.
 - 4.тамақ қабылдауға арналған асхана.
 - 5.Емдеу кабинеті(егу бөлме).
 - 6.Ординаторлық (дәрігерлер бөлмесі)
 - 7.Бөлім менгерушісінің кабинеті.
 - 8.Бөлімдегі бас мейірбикенің кабинеті.
 - 9.Жамылғылар (таза денелік және төсек жамылғылары үшін)
 - 10.Палаталық мейірбикелерге арналған бөлме.
 - 11.Манипуляция(клизма) жасаудың орны.

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 5 беті

Терапия бөлімінің палаталары кең, жарық, көп дегенде 6 адамға есептелінген болу керек.

Қабырға майлы бояумен боялып еденге линолеум төсөлінеді. Палаталар ең қажетті жабдықтармен. Төсек, стол түмба, орындықтармен жабдықталады. Төсектер-ыңғайлы болуға тиісті. Ауруханалық жихаздардың беті жұмысқа, жеңіл жуылатын болу керек.

1-2 адамдық палаталарға ауыр науқасты емделушілер зиянды қақырық бөлетін емделушілер.

25-30 емделушіге бикелік құзет орны болады. пост орнында дәрі –дәрмек құралдарына арналған шкаф, үстел, орындық, күту жабдықтарына арналған шкаф, тез бүлінетін дәрі-дәрмек құралдарына арналған мұздатқыш, дәрі-дәрмек құралдарын тарататын жылжымалы үстелше, әр түрлі манипуляциялар дайындайтын үстелше, шүмекті раковина болу керек.

Мейірбикелер құзеттің орында барлық палаталар көрініп түру керек. Құзет орны ауыр науқасты емделушілермен байланыста болу керек, барлық ауруханалық мекемелердің телефон тізімі болу керек.

Елімізде түрғындарға медициналық жәрдем көрсету үшін сырқатты қабылдау және өз үйлерінде емдеуге арналған көптеген емдеу-профилактикалық мекемелер жүйесі құрылды.

Емдеу мекемелері негізгі еki түрге бөлінед: амбулаториялар мен ауруханалар. Мекемелердің амбулаториялық түріне амбулаториялар мен емханалар, сауықтыру орындары, диспансерлер, әйелдер консультациялары жатады. Бұл мекемелер медициналық жәрдем көрсетуден басқа, халықтың денсаулығын қорғау және аурудың алдың алу сияқты көптеген профилактикалық жұмыс атқарады.

Амбулаториялар:

Амбулатория- ауруханадан тыс медициналық жәрдем көрсетеді және дәрігерлер негізгі мамандықтар бойынша қабылдайды. Ауылды жерлерде амбулаторияға фельдшерлік пункттер жақын болады, амбулатория дәрігерлері жоспарлы түрде шығып, олардың жұмысын тексеріп ауруларды қабылдайды. Амбулаториялар аудандық емханаларға немесе

Медициналық-санитарлық бөлімдерге қарайды. Амбулаториялық жағдайда медициналық жәрдем учаскелік принцип бойынша жүргізіледі, ол шұғыл түрде сырқат адамды айқындал білу, оларды тұрақты бақылап тұруды және дер кезінде білікті жәрдем көрсетуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ ауруларды зерттеуге және эпидемияға қарсы шаралардың тиімділігі мен учаскедегі санитарлық міндетті көтеруге мүмкіндік береді.

Амбулаториялық мейіркеш міндетіне-кабинетті және сырқатты қабылдауға дайындау, дәрігерге қабылдау кезінде көмектесу, амбулаториялық қағаздың паспорттың бөлімін толтыру, рецепт жазу, сондай-ақ күрделі емес медициналық манипуляцияларды орындау.

Емханалар.

Емхана-біріккен ауруханалар құрамына кіретін емдеу профилактикалық мекеме. Емхана барлық диагностикалық кабинеттер бар, олар қазіргі құрал-жабдықтармен және ең жаңа аппаратуралармен жарақаттанған, мұның өзі сырқатты білікті медициналық жәрдеммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Емханада дәрігерлерді барлық мамандық бойынша қабылдайды, лабораториялық рентгендік және басқа түрлі тексерулер жасайды. Емханаға келе алмайтын сырқаттар дәрігерді үйге шақырып, одан білікті көмек пен консультация алады, ал қажет деп тапса, оларды ауруханаға жатқызады. Эрбір емханада процедуралық кабинеттері бар, онда инъекция (дәрі құю) жасайды, онқа, қыша қағаздарын т.б. қояды. Созылмалы ауруы бар сырқаттар диспансерлік есепте тұрады және профилактикалық тексерілумақсатымен үнемі дәрігерге қаралады. Көптеген емханаларда тәулік бойы істейтін шұғыл жәрдем пункттері бар.

Емханадағы мейіркештің жұмысы мынадай: дәрігерлердің қабылдауына даярлық, алдың ала тіркеуден алған амбулаториялық карточкаларға лабораториялық зерттеу

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <small>—1979—</small>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 ()	60 беттің 6 беті

нәтижелерін жапсыру, қызуы жоғарғы сырқаттарды дәрігердің бірінші кезекте қарауын қамтамасыз ету.

Қабылдау кезінде дәрігерге қомек: дәрігердің айтуымен рецептер жазу, сырқатқа қанды, нәжісті, зәрді қалай жинап, қайда тапсыру керек екенін және басқа да зерттеулерді, дәріні қалай ішу керек екенін немесе ішек, қарын, бөтеке т.б. рентгендік зерттеуге қалай дайындалу керегін түсіндіреді.

Участкеде санитарлық эпидемияғақсы шараларды жүргізу: оның санитарлық-эпидемиялық станцияларға (СЭС) участкедегі жедел, инфекциялық аурулар жөнінде дер кезінде хабарлау. Диспансерлік есепте тұрған сырқат құжаттарын тәртіпке келтіру және олардың дәрігерге уақытылы келуін қадағалау.

Оз участкесінің тұрғындары арасында санитарлық ағарту жұмысын жүргізу.

Емханада арнайы кабинеттер бар, онда мейіркештер екі топқа бөлінеді:

а. терапевтік саладағ кабинеттерде (терапевтік, педиатриялық, неврологиялық) істейтіндер, олар дәрігердің қабылдауында процедураалар мен манипуляциялар жасамайды;

б. хирургиялық

саладағы кабинеттерде (хирургиялық, отоларингологиялық, т.б.) істейтіндер, олар қабылдау үстінде түрлі емдеу-диагностикалық манипуляциялар мен процедураалар орындаиды.

Участке мейіркеші дәрігермен бірге жұмыс істей отырып оған участкедегі емдеу-профилактикалық қомектің барлық түрін қамтамасыз етуге қомектеседі. Сырқатты күтудіе және дәрігердің барлық белгілелерін орындауда ұйымдастыруда мейіркешке үлкен рөл беріледі. Өзінің сырқатты тікелей күтінен басқа, ол науқас жақындарына қалай күту керек, бөлмені қалай жинастыру және желдету жайлы нұсқау береді. Мейіркеш барлық дәрігерлік белгілеудерді (онқа, қыша қағаз, қыздыратын компресс, сұлік қою) орындаиды.

Амбулаториялар мен емханалардың мейіркештері жұмысқа кабинет пен жұмыс үстелінің жзағдайын тексеру, дәрігердің бланкотека мен рецепторекаларын, құжаттар жинағын толықтыру үшін дәрігер қабылдауын бастамастан 15 минут бұрын келуі тиіс. Мейіркештер дәрігердің қабылдауына келген сырқат кезегін, талоны бар-жоғын тексереді, олардың сұрағына жауап беріп, келіспеушілктерді болдырмай, тәртіпті қадағалайды.

Сауықтыру орны.

Сауықтыру орыны-өнеркәсіптік кәсіпорындарда, совхоздарда, құрылыштарда, жоғарғы және орта арнайы оқу орындарында және кәсіптік-техникалық училищелерде ұйымдастырылған медициналық-санитарлық бөлімдердің немесе емханалардың бөлімшесі.

Сауықтыру орны дәрігерлік және фельдшерлік болуы мүмкін. Зақымдану кенет ауыру және кәсіби улану кезінде алғашқы білікті медициналық жәрдем көрсетумен қатар, сауықтыру орны еңбек қабілетінен уақытша айыратын аурулардың алдын алу және азайту үшін емдеу-профилактикалық және санитарлық-гигиеналық жоспарлы шараларды жүзеге асырады.

Сауықтыру орнында қарапайым емдеу процедуралары (байлап-тану, қыздыру, онқа қою, дәрі қую т.б.) орындалады. Мұнда өндірісте ауру тудыратын жағымсыз факторлады тауып, жою жөніндегі жұмыстар, тамақ блогын санитарлық бақылау, жұқпалы аурулардың алдын алу, профилактикалық дәрі егулер, жұмыс істейтіндердің (окушылардың) арасында санитарлық-ағарту жұмысы жүргізіледі. Мейіркештер үнемі түрде цехтарға және басқа да жұмыс істейтін жерлерге барып, олардың санитарлық жағдайын тексереді, еңбек шарттарын және хауіпсіздік техникасының сақталуын бақылайды, өндірісте зақымдануды болдырмау профилактикасын жүргізеді, дәрігерге дейінгі жәрдем көрсетеді, медициналық құжаттар толтырады. Мейіркештер жұмысы участкелік принцип бойынша жасалады.

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <small>—1979—</small>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 7 беті	

Диспансерлер.

Диспансер-белгілі бір аурумен ауыратын сырқаттарды тауып, есепке алатын емдеу – профилактикалық мекеме.Әкпе ауруына қарсы қарсы тері-венерологиялық,

қатерлі ісік, наркологиялық диспансерлер және эпидемиялық аудандарда қалқанша бездеріне қарсы диспансерлер бар.Диспансерлерде арнайы емделулер жасалып, диспансерлік сырқаттар мен профилактикалық шаралар жүргізіледі.Әрбір диспансер мейіркеші сырқат есебін жүргізеді, профилактикалық шаралардың кезінде жүргізуін қадағалайды,сырқаттыңдәрігер қақбылдауына келуін ұйымдастырады,патронаждық жұмыс атқарады(сырқат және туыстары үйлерінде үнемі санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу).

Әйелдер консультациялары:

Әйелдер консультациясы-босанатын үйдің немесе емхананың құрамдас белімшесі. Екіқабат әйелдерге сол кезеңде акушерлік-гинекологиялық жәрдем көрсету дәрігердің қабылдау кезеңіндегі өз міндеттерінен басқа екіқабат әйелдерге патронаждық қызымет көрсетеді, оларды жеке басының гигиенасы мен жаңа туған нәрестенің күтімін үйретеді.

Дәрігерлік –санитарлық бөлімдер:

Дәрігерлік-санитарлық бөлім-өнеркәсіп кәсіпорындарының құрылыш және транспорт қызыметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне емдеу, профилактикалық жәрдем көрсетуге арналған қалалық емхана немесе емханасы бар ауруханалар.Дәрігерлік-санитарлық бөлімдердің жұмысының маңызды бағыты жұмысшылардың денсаулық жағдайын жүйелі түрде диспансерлік бақылау, аурудың бастапқы формасын ертерек анықтау мен оның алдын алу мақсатында профилактикалық-дәрігерлік қарау, сондай-ақ қатты ауырған немесе созылмалы аурулармен (әкпе ауруымен, жара, қан қысымы ауруымен, т.с.с.) ауырған жұмысшыларды дұрыс жұмысқа орналастыру шараларын қабылдау болып саналады.Дәрігерлік-санитарлық бөлімшениң қызыметіне сондай-ақ жұмыс істейтін адамдардың денсаулығына теріс ықпал ететін барлық факторларды тауып, зерттеу жұмысшылар мен қызымет- керлер еңбегінің санитарлық-гигиеналық жағдайлары мен емдеу-профилактикалық қызымет ету шараларының комплексті жоспарын әкімшілік пен кәсіподан ұйымының бірлесіп жасауына болады. Дәрігерлік-санитарлық бөлімшениң дәрігерлері мен мейіркештері жұмысшыларға емдеу жәрдемін көрсетеді, өндірістегі жұмысшыларға да емдеу жәрдемін қатар, оларды күнделікті бақылап отырады, профилактикалық шаралар ұйымдастырып,оны жүзеге асырады. Дәрігерлік-санитарлық бөлімнің қызыметінің негізгі болып диспансерлік әдіс қолданылады.

Мейіркеш цехтік-учаскелік әдіспен істейді. Ол диспансерлік есепте түрған жұмысшылардың профилактикалық дәрігерге көрінуін ұйымдастырады, аурудың есебін жүргізеді, цехтарда санитарлық активтердің құрылудың қатысады, санитарлық постардың мүшелеріне нұсқау береді, асханалардың, буфеттердің, жуыннатын және шайынатын бөлмелердің санитарлық жағдайын тексереді, емхана мейіркешінің бүкіл жұмысын атқара отырып, дәрігердің қабылдауына қатысады.

Медициналық жедел жәрдем станциялары:

Медициналық жедел жәрдем станциялары еліміздің барлық қалаларында ұйымдастырылған. Аса қажет жағдайда халыққа күні-түні медициналық жәрдем көрсетеді. Көшпелі орта медициналық қызыметкедің бәрі де бригадир-дәрігерге көмектеседі және оның барлық тапсырмаларын дер кезінде, тез орындауға міндетті.фельдшерлер мен мейіркештер жұмысына кіріскеңде арнайы киім алуға, өзі істейтін жедел жәрдем машинасының нөмерін білуге, аппаратураны, дәрі-дәрмегі бар жәшікті қабылдауға, оның ішіндегілерін тексеруге, сондай-ақ барлық құрал-жабдықтардың түзіктігін, ал жетіспеген немесе сынықтарды болған жағдайда оларды жою шараларын қабылдауға, машинаның жүрісіне әзір екенін, оның санитарлық жағдайын, радиобайланыстың дұрыстырығын тексеруге тиіс. Орта медицина қызыметкери дәрігердің нұсқауымен медициналық жәшіктің

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 8 беті

ішіндегісін және оны пайдалана білуі, аппараттармен жұмыс істей алуы тиіс. Осы мақсатта мамандығын жоғарлату үшін арнайы сабактарға қатысуы қажет. Орта медициналық қызыметтер шақырылып барған жерде дәрігердің тікелей көмекшісі болады және оның барлық нұсқауларын бұлжытпай орындаиды.

Орта медициналық қызыметкер көрсетілетін медициналық жәрдемнің бір түрі ретінде жүре алмайтын сырқатты зембілмен тасуға міндетті. Егер уақыға болған жерге машина жақындаі алмайтын болса, көшпелі бригада шақырылған жерге жаяу барып, сырқатқа медициналық жәрдем көрсетіп, оны машинамен алып кетуі тиіс. Бұл бригада ауруды мұқият қарауы, ал төнірегіндегі адамдармен өте кішіпейілді болуы керек. Жауапты фельдшер шақырылған жерге дер кезінде баруға, сырқаттарды тасымалдау туралы нұсқауды сактауга, қажетті жағдайда медициналық жәрдем көрсетуге тиісті. Барған жерде жауапты фельдшер сырқаттың бар медициналық құжаттарын (ауруханаға берілген жолдамасы т.б.) тапсырады.

Өте ауыр сырқаттарды бригада зембілмен тасымалдауға міндетті. Тек қалыпты тасымалды қынданаттын жағдайларда (тар баспалдақ, түзу емес және қысқа дәліздер) ерекше көмек көрсету керек. Мұндай жағдайда сырқатты көрпесімен немесе ақ жаймаға орап, қолымен қолымен көтеріп алып жүру керек. Машина ішінде жауапты фельдшер сырқат жанында отыру керек. Егер жолда аурудың күйі кенеттен нашарласа, фельдшер оған жәрдем көрсетіп, жақын жердегі ауруханаға жеткізеді де, ауруды қабылдау бөлімшесіндегі кезекті қызыметкерге тапсырады, қабылдаған жолдама қағазға өзі қолын қояды. Мас немесе ес-түссіз сырқаттар құжаттарын, бағалы заттарын, ақша мен басқа бұйымдарын фельдшер немесе мейіркеш қолқат беріп, аурухананың қабылдау бөлімшесіне тапсырады және жолдама қағазға бұл заттарды кімнің қабылдағаның жазады. Егер жедел жәрдем машинасы жол-жөнекей бақытсыз жағдайға кезіксе, жауапты фельдшер машинаны тоқтатып жараланған адамға медициналық жәрдем көрсетуі және оны медициналық мекемегежеткізіп салуы керек. Подстанцияға оралған соң жауапты фельдшер диспетчерге дәрігерлік шақырудың орындалуы туралы мәлімет береді, ол оны арнайы карточкаға жазып алады. Кезектің соңына қарай жауапты фельдшер машинадан дәрігерлік жәшікті түсіріп, оны кем жерін толықтыру үшін аптекаға немесе аға фельдшерге тапсырады, ал басқа жабдықтарды өзін алмастыратын жауапты фельдшерге береді.

Ауруханалар-төсек тартып жатқан сырқаттарға арналған емдеу-профилактикалық мекеме. Ауруханалар салу жұмысы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен нормативтер бойынша іске асырылады. Қазіргі ауруханалар-қажетті емдеу-диагностикалық аппараттармен, құралдармен, жабдықталған медициналық мекеме. Аурухананың негізгі құрамдық бөлімдері: қабылдау, әкімшілік-шаруашылық, емдеу бөлімдері. Емдеу бөлімдеріне диагностикалық және емдеу кабинеттері, операциялық, процедуралық, жараны тану, арнайы бөлімдер жатады. Емдеу бөлімінің құрамына сондай-ақ жүріп тұратын сырқаттардың дем алуына арналған орындар, буфеттер мен асхана және көмекші бөлмелер (санитарлық торап, асхана, әжетхана, кір жуатын жер) енеді. Ауруханадағы орта медициналық қызыметкердің көпшілігін мейіркештерден алады.

Олардың міндеттеріне:

1. Емдеу-диагностикалық жұмыс –дәрігерлік аралау кезінде қатысу, дененің температурасын, қан қысымын өлшеу, ауыр науқастардың тамыр соғуын, сырқаттын жалпы күйін және организмнің физиологиялық қызымет атқаруын, қажет болғанда жедел дәрігерге дейінгі жәрдем көрсету, дәрі таратуы және оны қабылдауын қадағалау, лабораториялық зерттеуге арналған материалдар алу, түрлі манипуляциялар жасау мен дәрі құю;

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 9 беті

2. Сырқат күтімі – киіндіріп -шешіндіру, іш киімдерін ауыстыру, ауыз қуысын, терісін күту, ойылған жерлеріне профилактика жүргізу, ауыр науқастарды шомылдыру, тамақтандыру т.б.

3. Дайындық жұмысы –медициналық аспаптарды жуу және заарсыздандыру, дәрідәрмектерді, жұмыс орнын дайындау ;

4. Құжаттармен жұмыс-дәрігерлік белгілеулер қағазын жүргізу, лабораториялық аспаптармен зерттеуге және консультацияға жолдама беру, дәрігерлік аралап шығуға дейін аурудың тарихын дайындау(қосымша қағазды зерттеу нәтижесін желімдеу), ауруханадан шығараарда құжаттар көшірмесін, анықтама мен ауруханалық қағазды (больничный лист) толтырады.

Аурухананың әрбір бөлімшесінде мейіркештер бар, олар емдеу және диагностикалық манипуляциялар мен процедуralар атқарады: венаға дәрі құю, қан мен қаннның алмастырушысын құю, жота жұлдыннан пункция алуға, биохимиялық анализге қан алуға аспаптар дайындау. Бірқатар жағдайда процедуralық кабинеттедін мейіркештеріне сондай-ақ ұлтабарлық зондтау, зерттеу үшін қарын сөлін алу, дәрі құюды жасау жүктеледі. Процедуралық мейіркештердің еңбегін жетілдіруде әрбір процедуralық кабинеттерді дәрімен тазаланған материалдармен және аспаптармен орталықтандырылған жабдықтаудың ерекше маңызы бар. Орталықтандырылған заарсыздау қызыметін құру құнделікті процедуралық мейіркештердің жұмыс уақытының 15% үнемдеуге мүмкіндік береді, бұл 2 сағаттық кезекшілікпен пара пар.

4. 4. Иллюстрациялық материал: 15-20 слайд

4. 5. Әдебиет:

Соңғы бетінде

4. 6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс)

1. Медициналық этика және деонтология негіздері.
2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру. Медициналық ұйымдардағы санитариялық-эпидемиологиялық тәртіп, түрлері, тәсілдері, құралдары.
3. АИИ туралы түсінік, инфекциялық үрдіс.

Дәріс №3

4.1. Тақырыбы : Инфекциялық қауіпсіздік. Медициналық ұйымдардағы қауіпсіз ауруханалық орта. Санитарлық - эпидемияға қарсы режим.

4.2. Мақсаты:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

Науқас түсер алдында палатадағы төсек, түмба, дәрет ыдысына арналған заттар дезинфекциялық ерітіндідегі дымқыл шүберекпен сұртеді. Осыған орай, бөлімнің жұмыс бөлмесінде дезертінді мен шүберегі бар таңбалы ыдыс болады. Ідысты жабық ұстая қажет. Төсекке вегативті қалыптағы кесте бойынша камералы дезинфекциядан өткен төсек жабдықтары төселеңіп, төсек жабдықтарына таза төсек жамылғысы жамылады. Науқасқа жеке заттар (аурудың жағдайына байланысты) бөлінеді: стақан, су жылытқыш, т.б. содан соң тиянақтап жуылады. Науқас жазылып шықаннан кейін жеке қолданылған заттар дезинфекцияланады.

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIAСЫ АҚ 	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 10 беті

Науқас ауруханағатүскен кезде гигиеналық заттарды алуына рұқсат беріледі. Битпен түсken аурулар қабылдау бөлмесінде алғашқы тазалаудан өтеді, ерекше қадағалауда болады және қажет болған жағдайда толық битсіздендіру үшін қайта тазалаудан өтеді. Рұқсатпен, әр ауру өз бөлімінде гигиеналық душ қабылдай алады (7-10 күнде 1 рет). Дене және төсек жамылғыларын 7-10 күнде бір рет (душ қабылдағаннан кейін) және жамылғы кір болған жағдайда ауыстырылады.

Жамылғыларды ауыстыру мерзімі арнайы журналда тіркеліп отырады, оны бөлімнің шаруашылық бөлімнің медбикесі жүргізеді. Жамылғыларды іріктеу мен талқылауға арналған арнайы бөлме болу керек. Пайдаланған жамылғыларды еденге лақтырып тастауға тиым салынады. Жамылғыларды іріктеу мен талқылауға арналған бөлме ауасы тазартылған, еденнен 1,5 м жоғары плиткамен жапсырылған немесе майлы бояумен боялу керек. Жамылғыларды іріктеу кезінде халат, медициналық қалпақ, маска, резинка қолғап, шәркей болу қажет. Жамылғыларды ірікте болғаннан кейін бөлме дезертіндімен жуылады, арнайы киім жууға жіберіледі, аяқ киім мен қолғап дезинфекцияланады. Бөлмелерді жинау үшін жеке белгі қойылған мүлік және шүберек бөлінеді, олар жиаудан кейін дезинфекцияланады. Науқастар күнде таңертең және кешке, үйшіктар алдында жуыну керек. Тамақ ішер алдында міндетті түрде қол жуу керек. Төсектен түрмайтын науқастар үшін жуыну төсектің жаңында үйымдастырылады. Бұған орай, бөлмеде белгі соғылған ыдыстар (шәйнек, леген). су және ағызба суға арналған пайдалылғаннан кейін дезинфекцияланады. Науқастарға палатадағы көрші төсек отыруына тиым салынады, сонымен бірге келушілерге де науқастың төсегіне отыруға рұқсат берілмейді. Бұл жағдайда палатада орындық болуы керек. Палатаның күніне кем дегенде 4 рет ауасы тазартылу керек. Ауруханалар үшін белгіленген түскі астан кейінгі демалыс және күн тәртібі барлық науқастар және аурухана жұмыскерлері үшін қатаң қадағалану керек. Ауруханалардың бөлімдерінде күзет тәртібі мен күн реті қатаң сақталу керек, науқастар мен персоналдардың дауыстап сөйлемеуі, бөлмелерді таңертең ерте және кешкісін кеш жинамауы керек. Науқастар басқа бөлімдерге баруға рұқсат етілмейді.

Шәркейлер басқада қолданылыста болған аяқ киімдернауқас шыққаннан кейін дезинфекцияланады.. Қызымет көрсетушілер қолдарын тазалау осы нұсқаудың 2.14 тармағына сәйкес жүргізіледі. Бөлімдерде тәртіп пен тазалық сақталынады. Тазалану күніне 2 рет 2% ыстық сабынды – содалы ерітіндіні немесе 2% ыстық синтетикалық жуу құралының ерітіндісінің ылғалды тәсілін пайдалана отырып жүргізеді. Бөлімнің тазалау мүліктеріне (шелек, шүберек) белгі қойылады және дәретхана, палата, ванна, дәлсіз, емдеу кабинеттерінде және т.б. бөлмелерүшін жеке пайдаланылады. Белгі соғылған тазалау мүліктері қатаң белгіленген орындарда сақталады және беғлілі бір мақсатта ғана қолданылады. Тазалау мүліктерді сақтайтын орын болмаган жағдайда дезинфекцияланғаннан кейін жинайтын орын белгіленген жерге сақтауға болады. Осы мүліктерді басқа бөлмелерде және басқа да мақсатты істерге рұқсат етілмейді. Пайдаланғаннан кейін жинау мүліктері мен шүберекті дезинфекциялайды және тиісті жерде сақтайды. Бөлімдегі персоналдардың медициналық бақылауы мен тексерісі медициналық бақылаудың қолданыстағын нұсқауына сәйкес жүргізіледі. Науқастардың арасында аурухана ішілік инфекциялық ауру пайда болған жағдайда барлық қызыметшілерге кезектен тыс медициналық бақылау жүргізіледі. Аурухана бөлімдерде науқастардың инфекциялық ауруларына орай іс-шаралар жүргізіледі. Науқастардың қызыу көтерілген кезінде (37,50 С және жоғары) 5 күн бойы тифопаратифоз, риккетсиоз және басқа да инфекцияларға орай бактериологиялық зерттеу жүргізу үшін қан алады. Соңғы 2 жылда тропиктен келген безгегі ұстаған науқастардың алғашқы анықталуларына қарамастан малярия зиянкестерінің нақтылығын білуде міндетті түрде қаны зерттеледі. Осындай қанды зерттеу:

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <small>—1979—</small>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 11 беті	

-қызу жиі көтерілгенде ауырған кездегі бірінші 5 күн ішіндегі алынған анықталуларға қарамастан

-кан құйғаннан кейін 3 ай бойы қызу көтерілгенде

-соңғы 2 жылда анамнезде маляриямен ауырғандардың қандай ауру түрі болмасын қызыу көтерілгенде

-белгісіз каназдық, көк бауыр мен бауырдың өсуі кезінде жүргізіледі.

Науқастың жұқпалы ауру белгісі байқалғаннан жұқпалылар ауруханасына (бөліміне) ауыстырығанға дейін. оны онаша палатаға оқшаулау керек. Жұқпалы аурумен қатысты науқастарды онаша палатаға ауыстырады және аралық уақытына дейін оларға бақылау жасалынады, науқасты шығарар кезде жұқпалы аурумен қатысты болғаны туралы мекенжайына орай СЭСхабарлайды. Босатылған палатага схемадағы бойынша ЕПМ құралдары және күшімен соңғы дезинфекция жүргізіледі.

Емдеу бөлімдерінің асхана, буфеттерінде санитарлық-эпидемиологиялық тәртіп.

1. Аурухананың тамақ бөлімдерінде кәсіпорынның қоғамдық тамақтандырылуына арналған қолданыстағы санитарлы ережесінде қаралған тағамның құрылышы, дайындауды және ұстау талабы қатаң бақылану керек.

2. Тамақ бөлімдерінің көрнекті жерінде санитарлық ереже ілүлі тұру керек. Бұл ереже аурухана басшылығымен аурухананың тамақ бөлімінде жұмыс істейтін әр жұмыскерге мәлімет ретінде жеткізіледі.

3. Тамақ блоктарының персоналы санитарлық минимум сынағынан өткеннен кейін гана жұмықа жіберіледі.

5. Тамақ блоктары бөлмелерінде аурухана бөлімдеінің асхана ыдыстарын жууға қатаң тиым салынады. Асхана ыдыстарын жуу бөлімнің жуатын буфеттерінде жүргізіледі.

6. Аурухана бөлімдерінің буфет пен тамақ блоктарының жабдықтары аурухана және емхана жабдықтарының қолданыстағы табеліне сәйкес болу керек.

7. Тамақ тағамдары мен нанды орталықтандырылған түрде жеткізу мүмкіндігі болмағанда, оны тасу үшін арнайы (жабық) көлік бөлінеді, яғни кем дегенде жылына 1 рет санэпидемиялық орындарында паспорттылау жүргізіледі. Бұл көлікпен жамылғы жабдық, науқастарды, т/б тасуға тиым салынады.

8. Жартылай дайын тамақтар тасу

9. Аурухананың буфеттік бөлімдеріне дайын тамақтарды көлікпен әкелу кезінде термос, қол арба, мармитті қол арба немесе тығыз жабылғы ыдыс қолданылады. Оларды жуу және сақтау тамақ блогы жанынан арнайы бөлінген бөлмеде жүзеге асырылады.

10. Аурухана бөлігі жанындағы буфетті бөлмелер.

-буфетті ыстық сумен қамтамасыз ететін жүйені барлығына қарамастан ыстық және сұық су үздіксіз қызымет көрсету үщін электрқайнатқышпен жабдықталу керек

-қосылған қос секциялық жуатын ванна, ыдыстарды кептіру мен шұаюға арналған тор;

-тамақтарды жылтытуға арналған электроплитка және мармитті қондырғы.

-асхана ыдыстары мен құралдарын сақтайтын және тағамдарды (нан, тұз, қант) сақтайтын шкафттар.

-тамақтарды таратуға арналған гигиеналық жабуы бар стол;

-бір науқасқа арналған ыдыстар жиынтығы: бір шұнғыл, ұсақ және тәтті тағам тәрелкелері, шанышқы, асханалық және шай қасық, кружка, ал балалар бөлімінде жарақаттандыру табеліне сәйкес артығымен;

-ыдыстарды қайнататын және езетін бак;

-дезинфекциялық және жуатын құралдар;

-«буфет үшін» белгісі бар жинайтын мүліктер (шелек, шуберек, щетка, т.б.) қамтамасыздандырылу керек.

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 ()	60 беттің 12 беті

11.Дайын тамақты дайында болғаннан кейін ,оны бөлімдерге жеткізіп таратуды қосқанда 2 сағат бөлінеді.Тамақ тарату және көлікпен әкелгенде ластанбау керек.

12.Ерекше технологиялық талаптарға емдеу тағамдарын дайындауда диеталық тағам патогенді микроорганизмдерді дамытуға қолайлы болып есептеледі.

13.Науқастарға таратқаннан қалған тамақты буфетке қалдыруға қатаң тиым салынады, сонымен тамақ қалдығын жаңа тағамдармен араластыруға болмайды.

14.Науқастарға тамақты кезекші мейіrbike немесе буфетші таратады.Тамақты «тамақты тарату үшін» деген халатпен тарату керек.

15.Палаталарды немесе басқа да бөлмелерді жинайтын техникалық персонал тамақ таратуға жіберілмейді.

16.Бөлімдерге ауыр науқастардан басқа науқастар арнайы бөлінген асхана бөлмелерінде өткізіледі.Науқастардың жеке тағам өнімдері (үйден келген тағам) шкафта (құрғақ тағам) түмбада және арнайы мұздатқыш шкафта (тез бұзылатын тағам) сақталады.

17.Науқастарға берілген тағам өлшемі мен ассортименті дәрігердің рұқсатымен қабылданады.

18.Әркез тамақты таратқаннан кейін буфет пен асханаларда дезинфекциялық ерітінді пайдалана отырып мұқият тазаланады.

19.Ыдыстардың майсыз болуы қарастырылады.Ыдыстардың кірлеуін қарастыра отырып,мына ретпен жуылады;шай қасық пен кружка, тәрелкелер,садан соң асханалық құралдар.Буфетті бөлмелердің көрнекті жерінде ыдыстарды дезинфекциялау және жуудың нұсқауы ілулі түрү қажет. Асхана ыдыстарын жуу

- қалдықтарға арналған ыдысқа тамақ қалдықтарын щетка немесе күрешкемен салады;
- 45 минут деохлор 0,015% ерітіндісімен дезинфекцияланады;
- жуу құралдары қосылған 400 қыздырылған сумен жуу;
- 1 секциялы ваннаға қарағанда 2 есе аз жуу құралдары қосылған 400 қыздырылған сумен жуу;
- ағып тұрған ыстық суда (400) ыдыстарды шаю;
- кептіру.

Асхана жабдықтарын ыстық суға буландырады.

20.Ыдыс және үстелдерді жууға арналған шүберектерді тазалап болғаннан кейін 0,1%deoхлор ерітіндісіне 60 минутқа малып қояды, сосын кептіреді және арнайы белгіленген орында сақтайды.

21.Тазалағыш мұліктерді еден жуып болғаннан кейін,сол тазалауға қолданылатын шелекке 0,1 деохлор ертіндісін құйып қояды,одан әрі ағып тұрған суға шайып, кептіреді,мұліктің қажеттілігіне орай,қолданылуына бақылау жасалынып отырады.

22.Тамақ бөлмесі мен буфеттегі персоналдар жеке басының гигиенасын ережеге сай сақтауға міндетті.Тамақ бөлімінің персоналы дәретханаға баар алдында халатын шешу керек.

Дәретханадан кейін,қолын 2 минуттай 0,1 процент «Дезоксона-1» ертіндісінде өндейді.

23.Аурухана бөлімдеріндегі тамақ бөлімдері мен буфеттегі жабдықтарға және тамақтың үйимдастырылуына аурухананың бас дәрігері жауап береді.

24.Тамақты дайындау және тарату кезіндегі санитарлық талапты бақылауына бөлімнің буфетшілері мен аспаздар жауап береді; диета дәрігері тамақ бөлімі жұмыскерлерінің санитарлық талабына бақылау жасайды.

Емдеу бөлімінің емдік сақтандыру тәртібі:

Бұл емдеу және сақтандыру шаралары емделушілердің күші мен саналарына тыныштық беруге арналады, келесі тәртіптен тұрады:

Бұл тәртіп келесі элементтерді құрайды:

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 13 беті

- 1.емделушінің психикасын сақтанедыру тәртібін қамтамасыз дандыру;
- 2.ішкі құн тәртібі ережесін қатаң сақтау;
- 3.қозғалыс белсенділігінің тиімді тәртібін қамтамасыздандыру.

Бөлімде тыныштықты сақтау керек, ақырын сөйлеу керек,емделушілерге радио және теледидарды қатты қоюғаруқсат берілмейді,кіші медперсоналдар бөлмелерді жинау барысында, күндізгі және кешкі демалыс уақытындағы тыныштықты бұзбауы керек.Емделушілерден бөлмедегі құн тәртібінің сақталуына талап ету керек.

Медперсоналдардың негізгі қағидасы медициналық этика мен денсаулығының жақсаруының үмітін тудыратынын әрқашанда естен шығармау керек.Емделу мекемелерінде қозғалыс белсенділігінің 4 тәртібі қолданылады:

1.Қатаң төсек тәртібі-бастапқыда қатты ауырып түскен емделушілерге күтудің толық іс-шаралары жүргізуі керек.

2.Төсек тәртібі –біршама қозғалыс белсенділігімен сипатталады,бұзылуға,белгілі бір уақытта аяқты түсіріп,төсектің шетіне отыруға рұқсат беріледі.

3.Палаталық тәртіп-төсек жаңындағы орындыққа отыруға,түрүға және белгілі бір уақытта палатаның ішінде жүргүре рұқсат етіледі.Емделушіні палатаның ішінде тамақтандыру,дәрет алу,жуыну шаралары жүргізіледі.

4.Жалпы тәртіп-дәліздің ішінде еркін жүргүре,баспалдақпен көтерілуге, аурухананың ауласында демалуға рұқсат беріледі.емделушілер өздеріне жеке қызымет жасайды.

Емделушілердің қозғалыс белсенділігінің тәртібін бұзыу емделушінің өзіне қатты зияны тиуі мүмкін,тіпті өлімге дейін апарады.

4. 4. Иллюстрациялық материал: 15-20 слайд

4. 5. Әдебиет:

Сонғы бетінде

4. 6. Бақылау сұрақтары (кері байланыс)

1. Медициналық этика және деонтология негіздері.

2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.

Медициналық ұйымдардағы санитариялық-эпидемиологиялық тәртіп, түрлері, тәсілдері, құралдары.

3. АИР туралы түсінік, инфекциялық үрдіс.

Дәріс №4

4.1. Тақырыбы : Дезинфекция. Стерилизация. Медициналық қалдықтар.

4.2. Мақсаты:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

Жараға жүқпаның түсіі кез келген жараның жиі кездесетін және күтілген асқынударының бірі болып табылады. Міне, сондықтан да барлық хирургиялық жұмыстардың негізгі жара жүқпасының алдын алу (сактандыру) қағидасына тіреледі. Жараның беткі кабатына тиетін нөрсенін барлығында ауру туғызатын микробтар болмау керек, (стерильдену кажет), сондай-ақ жараға түскен микробтарды барышпа өлсірету кажет. Жара жүқпасының алдын алу және онымен қаралып күрсесу үшін қазіргі заманда хирургияда жүқпадан сактандырудың біртұтас жүйесін құрайтын асептика мен антисептиканың өр алушан тәсілдері қолданылады.

Микробтарды жараға түскенге дейін жоюға бағытталған, сөйтіп, оны жүқпаға ұшыраудан сақтайтын іс-шаралардың (жара жүқпасынан сактандыру өдістері) жиынтығы

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 14 беті

асептика деп аталады. Асептиканың негізгі заны: жараға тиетін нөрсенің бөрі микробсыз, яғни стерильді болуы тиіс. Асептикаға қол жеткізу үшін, негізінен, микробтар үшін қатерлі жоғарғы температура (бумен, қайнату арқылы стерильдеу) және кейде өр түрлі химиялық заттар (спирт, йод), сонымен бірге ультрадыбыс, газдар, иондаушы сөулелену пайдаланылады.

Жарадағы микробтар санын азайтуға немесе оларды жоюға бағытталған іс-шаралар жүйесі антисептика деп аталды.

Антисептиканың төмөндегідей түрлері бар:

- механикалық (жұқпа түскен жараны алғашкы хирургиялық өндеуден өткізу, яғни микробтар мен өлітіндердің тастау мақсатында жараның түбімен шеттерін ойыш кесу):
- физикалық (жараға ылғал тартқыш макта-дөке таңғышын салу, кептіргіш ұнтақ, тампон, білте, дөкенің ұзын жолағы түріндегі тампон немесе резина немесе пластмасса түтік түріндегі білтені пайдаланау, сондай-ақ жараны ауа көмегімен емдеудің ашық өдісімен кептіру). Осылайша микробтардың өмір сүруі мен кебеюіне кедергі келтіретін қолайсыз жөне тіндердің ыдырау енімдерімен улы заттар токсиндерінің сіңуін азайтатын жағдайлар жасалады.

Химиялық (бактериологиялық әрекеті микробтардың дамуы мен кебеюін басып тастайтын жөне бактерицидті әрекеті — олардың елуін қамтамасыз ететін антисептикалық заттар колдану).

Мейірбикенің жалпы жұмыс орнындағы қауіпсіздіктің жалпы шаралары Мейірбике міндеттері:

- Қолды жуу деңгейлерін сақтау.
- Биологиялық сұйықтықтармен, сонымен қатар қанмен жұмыс істегендегі қолғап кио.
- Қолғапты шешкеннен кейін тез арада қолды жуу.
- Төгілген немесе шашылған заарарлы материалды тез арада жинау.
- Қолданылған құрал-саймандарды, күтім заттарын, тану материалдарын нормативті құжаттарға сай тез арада заарсыздандыру.

АИЙ-да дезинфекция жүргізу схемасы

- Науқасты уақытша оқшаулау, жұқпалы аурулар бөлімшесіне немесе изоляторға (жұқпалы ауру түріне қарай) ауыстыру.
- Қажет концентрацияғы дезинфекциялық ерітінділерді дайындау.
- Өндеуге арналған маркерленген инвентарді дайындау.
- Тамақ қалдықтарын, ыдыстарды заарсыздандыру.
- Заттарды камералы дезинфекция үшін клеенка қапқа салу.
- Бөлме жиһаздарын дезинфекциялау үшін бөлме ортасына жинау.
- Жылу құбырларын, плинтус, қабырға, терезе, есіктерді дезинфекциялық ерітіндіге батырылған шүберекпен сұрту.
- Қалдықтарды жинап өртеу немесе заарсыздандыру.
- Қабырға және жиһаздарды өндегеннен кейін дезинфекциялық ерітіндімен еден қайта өнделеді.
- Арнайы киімді камералы дезинфекциялау үшін клеенка қапқа салу.

Санитарлық - эпидемияға карсы тәртіптің мақсаты - ауруханалық (нозокомиялық) инфекциялардың алдын алу. Ауруханалық инфекция -стационардағы науқастарда немесе оларды күтіп және емдең жүрген медицина қызметкерлерінде дамитын инфекциялық аурулар. Бұл асептика мен антисептика ережелерін бұзу салдарынан, яғни әр-түрлі ауру қоздырыштарна қарсы шаралардың ережелерін сақтамағанда дамиды. Мысалы, тұма, вирусты В және С гепатиттері, т.б. нозокомиальды инфекциялар - бұрын соңды инфекцияланбаған адамдарға аурухана ішінде жұқтырылған инфекция, Мұндай аурухана

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 15 беті

ішілік инфекциялар өте тұрақты микроорганизмдермен шақырылады, себебі олар осы аурухана ішінде кең спектрлі антибактериалық дәрілер қолданылып жүрген ортада тіршілік етеді. Аурухана ішілік инфекциялардың ішінде ең жиі кездесетіні стафилококктар.

Санитарлық тәртіптің медицина қызметкерлеріне қоятын негізгі талаптарының бірі, ол медицина қызметкерлерінің дер кезінде және үнемі медициналық тексеруден етіп тұруы керек. Медициналық тексерілу кезінде міндепті түрде флюорографиядан етуі керек, микрореакциялары анализ тапсыруы керек, дәрігерді жалпы қарап тексеруі және асхана жұмысшылары бактериологиялық тексерілуден және т.б., өтуі керек. Медициналық тексерілуден өткендігі туралы белгі жеке санитарлық кітапшаға қойылады.

Санитарлық-эпидемияға қарсы тәртіптің кез келген медициналық мекемелерде маңызы зор. Санитарлық-эпидемияға қарсы тәртіптің ережелерін сақтау емдеуді және науқастарды құтуді ұйымдастырудың басты бір белгі. Емдік мекемелерде арнайы микроклимат жағдайын туғызу жарықтандырудың, жылу берудің, ауа тазартудың (тұрақты ауа температура, ылғалдылығы) негізгі ережелерін сақтаумен байланысты іске асырылады.

Санитарлық-эпидемияға қарсы тәртіпті ұстану стационар немесе кез-келген медициналық мекеме аймағын үнемі тазалықта сақтауды қарастырады. Бөлімшелерден жиналған керексіз заттар тығыз жабылатын қакпағы бар металдан жасалған ыдыстармен өз уақытында шығарылады.

Керекті санитарлық тәртіпті (стационар бөлмелерін ылғалды тазалау, ондағы тазалық тәртібін сақтау, науқастарды санитарлы-гигиеналық өндөу) сақтау орта және кіші медицина қызметкерлерінің міндептіне кіреді. Медициналық қызметкер жалпы тәртіпке сай таза халатпен, керек болса қалпақ пен маскамен жүрүі керек. Арнайы киімдерді, төсектерді және т.б. орталықтандырылған жұғыштарда кір жуғыш заттармен жуылдып бөлімшелерде үтіктеледі. Хирургиялық халаттар, маскалар және баҳилалар жуылғаннан кейін автоклавта өндөледі.

Дезинфекция (заарсыздандыру) - адамзатты және жануарларды коршаған ортадағы жүқпалы аурулардың қоздырғыштарын жоюға бағытталған шаралар. Дезинфекцияның мақсаты - инфекциялы аурулардың таралу жолдарын жою. Дезинфекциялық шаралардың турлери: дезинфекция, дезинсекция және дератизация. Дезинфекция арқылы қоршаған ортадағы және заттардағы патогенді микроорганизмдерді жояды. Дезинфекцияның алдын ала (дезинфекциялау) және ошақты түрлөрі бар. Алдын ала дезинфекциялау - патогенді қоздырғыштар бар болуы мүмкін деген аймақты ғана (кубырдағы және жұзуге арналған бассейндердегі суды хлорлау, адамдар көп жиналатын жерлерді және т.б. дезинфекциялау) заарсыздандыру. Ошақты дезинфекция (күнделікті және қорытынды) инфекциялық ауру ошағында, яғни инфекциялы ауруы бар науқас болған жерде мысалы: пәтерде немесе инфекциялық бөлімшеде жүргізіледі. Инфекциялы ауруы бар науқастың төсегінің қасында науқас адамнан бөлінген патогенді микроорганизмдерді жою үшін күнделікті дезинфекциялау жүмысы өткізіледі. Науқастың төсек орнын, киім кешегін, науқасты күту кезінде қолданған заттарды, науқастан бөлінген заттарды, және т. б. күнделікті дезинфекциялап отырады. Мысалы, дизентерия кезінде ауру қоздырғыштары науқастың нәжісімен көп бөлініп коршаған ортадағы әр түрлі заттарға таралады, іш сүзегі кезінде қоздырғыштар нәжіс және зәрмен бөлініп жатады. Соңықтан науқастың нәжісі мен зәрі және оларды коршаған заттар бірінші орында заарсыздандырылуы кажет. Қорытынды заласыздандыру ошақтағы жүқпалы ауру қоздырғышының көзі жойылғаннан кейін (жүқпалы аурулар бөлімшесіндегі науқас ауруханадан шыкканнан кейін немесе науқас өлгеннен кейін) сол жерде сақталып қалуы мүмкін ауру қоздырғыштарын жою үшін жүргізіледі. Сонымен белімшелерде күнделікті және қорытынды заарсыздандыру жүргізіледі. Бөлімшениң мейірбикесі заарсыздандырудың негізгі әдістері мен тәсілдерін

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 16 беті

жақсы білуі керек және оны өзінің жұмысында үнемі қолданып кіші медицина қызметкерлерін үйретіп отыруы керек.

Бөлмелер мен құрал-жабдықтардың деконтаминациясы

Деконтаминация - заарсыздандыру және қорғау мақсатында микроагзаларды кетіру немесе жою процесі. Ол аурұханаішлік инфекциялардың алдын алуша маңызды бағыттарының бірі болып саналады. Оған тазалау, дезинфекция және залалсыздау жатады.

Коршаған орта мен құрал-жабдықтардың ластану қауіпі деңгейіне қарай деконтаминацияның әртүрлі деңгейлері ажыратылады.

- Қауіптің тәмен деңгейіне - қалыпты тері мен байланыста болған заттар немесе науқаспен тікелей жанаспайтын заттар (қабырғалар, еден, жиһаздар) жатады. Контаминация үшін оларды тазалау жеткілікті.

- Қауіптің орташа деңгейі - теріде, ағзаның басқа стерильді аймақтарында инвазивты процедуралар үшін қолданылмайтын, бірақ шырышты қабықтар немесе басқа жерлермен жанасатын вирулентті микроагзалармен немесе қатынас жолмен жұғатын микроагзалармен заарланған құрал-жабдықтар (гастроэнтерологиялық, гинекологиялық жабдықтар, термометрлер т.б.). Контаминация үшін оларды тазалау, сонынан дезинфекциялау қажет.

- Қауіптің жоғары деңгейі - инвазивты процедураларда қолданылатын құрал-жабдықтар. Контаминация үшін оларды тазалау, дезинфекциялау, залалсыздау қажет.

Қан арқылы берілетін инфекциялардың жұқтыру қауіпі:

ЕПҰ-да 20-дан астам патогендерді микробтарды жұқтыру мүмкін. Заарланған инемен жарақаттардың жұғу мүмкіндігі:

-Гепатит В : 5-30%

-гепатит С : 3-10%

-ЖҚТБ : 0,2-0,3%

Нұсқалары:

- пациент → пациент
- медицина қызметкери → пациент

пациент → медицина қызметкери.

Кейір медициналық апatty жағдайларда ЖҚТБ-ны жұқтыру қауіпі:

- қанмен ластанған құрал-саймандармен жарақаттану;
- қанның шырышты қабықтарға түсуі;
- қанның теріге түсуі;

Алдын алушың стандартты шаралары:

- Барлық науқастардың қаны мен биологиялық сұйықтықтары потенциалды қауіпті болып есептеледі.

- Биологиялық сұйықтықтармен қатынас кезінде жеке қорғаныс заттарын қолдану қажет.

- Кез-келген биологиялық сұйықтықпен байланыстан соң қолды жуу қажет.

- Үшкір құрал-саймандармен жарақаттануды болдырмаудың шараларын сақтау.

Әрбір терапевтік бөлімшениң құрамында емшара бөлмесі болады. Емшара бөлмесі әртүрлі шараларды дайындауға және жүргізуға арналған. Бұл дәрілік заттарды көк тамырға ағынмен және тамшылатып енгізу, бұлышық еттік және тері астылық инъекциялар, қан тобы мен резус-факторды анықтау, клиникалық және биохимиялық анализдерге көк тамырдан қан алу, сондай-ақ бөлімше ерекшелігіне қарай диагностикалық және емдік шаралар (төс, өкпе қабы пункциясы және т.б.) жүргізіледі. Емшара мейірбикесінің міндетін орындау үшін (штаттық кестеге байланысты) бөлімшениң аға мейірбикесі жалпы профильдік мейірбикелердің ішінен жеткілікті жұмыс тәжірибесі бар жоғары маманданған немесе З деңгейлі колledgeдің оқып бітірген арнағы мейірбикені (3 жыл оқыған) таңдал алады. Бөлімше ерекшелігіне байланысты іс-шара бөлмесі күшеткамен, заарсызданған үстелмен,

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <small>—1979—</small>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 ()	60 беттің 17 беті

(1 немесе 2), тамызғыштарға арналған штативпен, дәрілік заттар қоятын шыны шкафпен, қолдарды және құрал-саймандарды жуатын колжуғышпен және т.б. жабдықталған. Қабыргалар мен еден жиі және мүқият санитарлық өндеуге ыңғайлыш материалдардан (кафель, майлыш бояу) жасалуы керек. Емшара бөлмесінде ауаны заарсыздандыруға арналған бактерицидті шамдар міндетті түрде болуы керек.

Емшара мейірбикесінің орындайтын ерекше міндеттері: санитарлық эпидемияға қарсы тәртіпті жүзеге асыру және сақтау, бұл қажеттігіне қарай, бірақ тәулігіне 2 реттен кем емес, арнайы заарсыздандырыш (0,5% хлорамин немесе басқадай) заттарды қолданумен бөлмені құнделікті және тилякты (аптасына 1 рет) дымқыл тазалау. Емшара бөлмесінде жүргізілетін шаралардың инвазивті сипатын ескере отырып, кесте бойынша, 15-30 минуттан күніне 3 реттен сиретпей, бактерицидті шаммен заарсыздандырудың арнайы тәртібі болады. Емшара бөлмесінде дәрілік заттарды көк тамырға енгізу үшін шприцтер мен жүйелерді құрайды, пайдаланғаннан кейін заарсыздыдауга немесе бір реттік шприцтер мен инелерді, құрал-саймандарды пайдаға асыруға дайындауды. Көп реттік құрал-саймандар залалсызыдау алдында бір ыдыстағы заарсыздандырыш ерітіндіге жуылады. Содан кейін басқа ыдыстағы заарсыздандырыш ерітіндіге (хлораминнің 0,5% ерітіндісіне, хлорлы әктің 0,5% сұйық ерітіндісіне 30 - 60 минутқа немесе Дезэффектің 2,5% ерітіндісіне 1 сағатқа немесе Лізоформиннің 2,5% ерітіндісіне 1 сағатқа немесе нұсқауға сәйкес кез келген басқа заарсыздандырыш ерітіндіге) салып қойылады. Жууға арналған заарсыздандырыш ерітінділер кірлеуіне байланысты және осы ерітіндінің инструкциясына сәйкес ауыстырылады. Салып қоюға арналған «Лізоформин», «Дезэффект» сияқты жаңа заарсыздандырыш ерітінділерді 14 күнге дейін пайдалануға болады, бірақ кірлегенде ертерек ауыстырылған жөн. Сондай-ақ жаңа ерітінділерді қолданған кезде жуатын ерітіндіні жеке дайындауда болады.

- Процедуралық мейірбике жұмысқа кіріспей тұрып бөлмені дымқыл шүберекпен тазалап сұртеді.
 - Мейірбике халатын, бас киімін киіп, қолын жуады.
 - Залалсыздандырылған столдың үстіне аспаптарды, яғни шприц инелермен т.б. қойып, дайындауды.
 - Науқастардың тізімін тексеріп, оларды егуге шақыру ретін құрады.
 - Мейірбике дәрігердің нұсқауы бойынша көк тамырға құйылатын дәрілерді құюды нашар халдегі науқастардан бастайды.
 - Егу бөлмесінің мейірбикесі плеврадан, іштен сары су алуға аспаптарды дайындаап, дәрігерге көмектеседі, сонымен қатар осы процедура кезінде науқастың жағдайын бақылап отырады.

Мейірбике егу бөлмесінің дәрі-дәрмектерін толықтырып отырады. Егу бөлмесінде тәжірибесі мол, өз мамандығының шебері, егу жұмысын жақсы билетін мейірбике жұмыс істеуі керек. Мейірбике егу кабинетінің тазалығына көніл бөліп, өз жеке басының да таза болуын ұмытпауды тиіс.

ГИГИЕНАЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕ ҚОЛДЫ ЖУУ

Мақсаты: транзиторлық микрофлораны кетіру немесе жою. Науқастың және медициналық қызметкерлердің жұқпалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қолдану көрсетілімдері: инвазивті емшараларды орындар алдында және орындаған соң, қолғаптарды кию алдында және шешкеннен соң, организмнің биологиялық сұйықтықтарымен жана сақканнан соң және мүмкін болатын микробтық ластанудан кейін, иммунитеті төмендеген науқасқа күтім жүргізер алдында.

Дайындаңыз: бір рет қолдануға арналған мөлшерлегіштегі сұйық сабынды, 70% этил спиртін, секундтік тілі бар сағатты, жылы ағынды суды, қағаз сұлғіні, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді.

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 18 беті

Iс-әрекет алгоритмі:

1. Қолдың саусақтарынан сақинаны, жұзік, сағатты және тағы да басқа әшекей-бұйымдарды шешіңіз.

2. Қол терісінің бүтіндігін тексеріңіз.

3. Халаттың жеңдерін білектің 2/3 бөлігіне дейін қайырып ораңыз.

4. Қағаз салфеткалар көмегімен су шүмелгін ашып, судың температурасын 35-40°C реттеңіз. Ол шумекте орналасқан микроорганизмдермен қолдың жанасуын қорғайды.

5. Жылы судың жайлы орташа ағымы астында қолдың білектің 2/3 бөлігіне дейін жігерлі сабындан, келесі ізбе-ізділікпен жуыңыз:

- алақанды алақанмен;

- сол қолдың сыртқы жақ бетін оң алақанымен және керісінше;

- алақанды алақанмен, бір қолдың саусақтары екінші қолдың саусақтары арасында; оң қолдың саусақтарының сыртқы беті сол қолдың алақаны бойынша және керісінше;

- үлкен саусақтарды айналмалы қозғалыспен үйкеленіз;

- сол қолдың саусақтарының ұшын бірге жинастырып, оң алақанға айналмалы қозғалыспен және керісінше.

Әрбір іс-кимыл 5 реттен кем емес 10 секунд бойы қайталанады.

6. Қолыңызды ағынды жылы судың астында сабын толық кеткенше шайыңыз. Қолыңызды шынтақ деңгейінен жоғары ұстаңыз (осы қалыпта су таза зонадан ласқа қарай агады).

7. Шумекті қолыңыздың оң немесе сол шынтағымен жабыңыз.

8. Қолыңызды қағаз сұлғімен құрғатыңыз. Егерде шынтақ краны болмаса, онда кранды қағаз сұлғі көмегімен жабыңыз.

Ескерту:

- қолды гигиеналық деңгейде жууға қажетті жағдай болмағанда, оларды антисептик көмегімен тазартуға болады;

- құрғақ қолдарға 3-5 мл антисептикалық затты жағып және оны қол терісіне кеүіп кеткенше ысқылаңыз. Қолды тазартқаннан кейін сұртудің қажеті жоқ! Сонымен қатар әсер ету уақытын сақтау маңызды - қолдар антисептиктен 15 секундтан кем емес уақыт ылғалды болып тұруы керек;

- тері бетін тазартқанда «тазадан ласқа» принципі сақталады;

- жуылған қолды басқа заттарға тигізуге болмайды.

Залалсыздандырылған қолғапты кию

Мақсаты: науқастың және медициналық қызметкердің жұқпалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

- Науқастармен немесе олардың бөліністерімен жанасқанда қолғап кәсіптік жұқтырудың қауіп-қатерін төмендетеді.

- Қолғап транзиторлы қоздырғыштармен қызметкерлердің қолының ластану қауіп-қатерін және кейіннен олардың науқастарға таралуын төмендетеді.

- Қолғап медицина қызметкерлерінің қолының резиденттік флорасының бір бөлігі болып табылатын микробтарды науқастарға жұқтыру қауіп-қатерін төмендетеді.

Қолдану көрсетілімдері: инвазивтік емшараларды орындағанда, кез келген биологиялық сұйықтықтармен жанасқанда, науқастың және медициналық қызметкерлердің терісінің бүтіндігі бұзылғанда, эндоскопиялық зерттеулер және манипуляциялар кезінде, клинико-диагностикалық, бактериологиялық зертханаларда науқастардан алынған материалдармен жұмыс істегендеге, инъекциялар жасағанда, науқасты күтү кезінде.

Дайындаңыз: залалсыздандырылған ораудағы қолғапты, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді.

Iс-әрекет алгоритмі:

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 19 беті

1. Гигиеналық деңгейде қолыңызды тазартып, антисептикпен қолыңызды өндөніз.
2. Залалсыздандырылған қаптамадағы қолғапты алдып, бұқтеуін жазыңыз.
3. Оң қолға арналған қолғаптың қайырмасын сол қолмен алдыңыз. Саусақтарыңыз қолғаптың қайырмасының ішкі бетіне тимеуі керек.
4. Оң қолдың саусақтарын сығылыстырып, қолғапқа енгізіңіз.
5. Оң қолдың саусақтарын ажыратып, қолғаптың қайырмасын бұзбай қолға қолғапты киіңіз.
6. Оң қолдың 2-ші, 3-ші, 4-ші саусақтарын сол қолғаптың қайырмасы астына кіргізіңіз, киілген қолғапта оң қолдың 1-ші саусағы, сол жақ қолғаптың 1-ші саусағы жағына бағытталған болуы керек.
7. Оң қолдың 2-ші, 3-ші, 4-ші саусақтарымен сол жақ қолғапты тік ұстаңыз.
8. Сол қолдың саусақтарын сығылыстырып, қолғапқа енгізіңіз.
9. Сол қолдың саусақтарын ажыратып, қолғаптың қайырмасын бұзбай қолға қолғапты киіңіз.

10. Сол қолғаптың қайырмасын жазыңыз, оны жеңге қарай тартып, сосын оң жаққа 2-ші және 3-ші саусақтар көмегімен қолғаптың бүгілген шетінің астына қарай тартыңыз.

Ескерту: егер бір қолғаптың бүтіндігі бұзылса, онда екі қолғапты да ауыстыру қажет, ейткені бір қолғапты екінші қолғапты ластамай шешу мүмкін емес

Қолғапты шешу

Іс-әрекет алгоритмі:

1. Оң қолдың саусақтарымен сол қолғапқа, оның тек сыртқы жағына ғана жанаса, отырып қайырма жасаңыз.
2. Сол қолдың саусақтарымен оң қолғапқа, оның тек сыртқы жағына ғана жанаса, отырып қайырма жасаңыз.
3. Сол қолдағы қолғапты, оны теріс айналдыра отырып, шешіңіз.
4. Сол қолдан шешкен қолғапты оң қолмен қайырмасынан ұстаңыз.
5. Сол қолмен оң қолдың қолғабын қайырмасының ішкі жағынан ұстаңыз.
6. Оң қолдағы қолғапты, оны теріс айналдыра отырып, шешіңіз.
7. Екі қолғапты да (сол қолғап оң қолғаптың ішінде болуы керек) қауіпсіз жоюға арналған контейнерге салыңыз.

Ескерту: бір рет қолданылатын қолғап заарсыздандырудан кейін жойылады, ал көп рет қолданылатын қолғаптар медицинада қолданылатын бұймдардан өндөледі.

Ем шара бөлмесінде кәсіптік жұғулардың алдын алу:

1. Жұмыс кезінде мүмкіндігінше бір рет қолданатын сайдандарды қолдану.
2. Науқастың қаны немесе биологиялық сұйықтығы арқылы жұғатын жағдайлардағы ем шараларда қолғап, маска, клеенкалы алжапқыш киу және де жарақаттанған жер болатын болса лейкопластирмен таңылып, саусақ қап киу керек.
3. Щеткамен қолды жууға болмайды.
4. Медициналық құрал жабдықтарды және кан тиген заттарды жуу, реттеу үшін алдымен резенке қолғаппен оларды дез ерітінділерге жуып алу қажет.
5. Жеке бас тазалық ережесін қатаң сақтау қажет. Эр бір іс шарадан кейін, сонымен қатар парентеральді егулерде, қан алушан кейін ағынды суға қолды сабынмен 2 рет мұқият жуу қажет. Қолды жеке сұлгімен немесе бір рет қолданылатын сұлгімен сурту қажет.
6. Жұмыс орны жаңа дайындалған заарсыздандырығыш ерітінділерімен қамтамасыз етілуі қажет. Жұмыс үстелінің бетін жұмыс сонында 3% хлорамин ерітіндісімен өндеу қажет.
7. Емшара бөлмесінде аптечка болуы керек.

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 20 беті

8. Зертханаға жазылған жолдама пробиркадағы қанға тигізбей, пробирканың сыртқы жағына жабыстыру қажет.

9. Созылмалы В гепатитпен сырқаттанатын науқастардан және HbsAg тасмалдаушылардан анализ үшін алынған қаны бар пробирканы міндетті түрде белгілеу.

10. Кәсіптік қызметінде қанмен байланыста болған медицина қызметкерлері жұмысқа түсер алдында және жұмыс істеп жүріп жылына бір рет HbsAg -ны анықтау үшін тексеруден өтеді. HbsAg анықталған жағдайда дәрігер-инфекционист терең клиникалық зерттеуден өткізеді. Hbs-антigenі бар медицина қызметкерлері қанды құю, қайта өндөу жұмыстарынан аластастылады.

11. ВИЧ инфекциясының қаупі бар биологиялық сұйықтықпен жұмыс істегендеге абай болу керек:

- қан және оның құраушылары: ми-жұлын сұйықтығы, амниотикалық сұйықтық, ү.рықтық сұйықтық:

- сүт, қынаптық сұйықтық, зәр, сілекей, без сұйықтық, нәжіс, ақазан сөлі.

Ине еgetін бөлмеге жалпы жинастыру жүргізу

Қажетті заттар:

Шелек, швабра, шаралар, еден жуу үшін шүберек, залалсыздандырылған шүберек, гидропульт, сабын, кальциленген сода, заарсыздандыру ерітіндісі, өлшемі бар ыдыстар, халат, орамал, алжапқыш, резенке биялайлар.

Ic- әрекеттер:

1. Орамалды байлап, халатты, алжапқышты, биялайды киініз.

2. Заарсыздандыру ерітінділерінің бірін әзірлеу қажет: 1 % кальций гипохлориді ерітіндісі немесе басқа да заарсыздандыру ерітіндісін.

3. 2 % сабынды-садалы ерітіндіні (200 грамм сабын, 200 грамм кальциленген сода, 9 л 600 мл су) әзірлеңіз.

4. Бөлмені дайындаңыз: жиһаздар мен заттарды қабырғадан ортаға қарай ығыстырыңыз.

5. Шүберекті заарсыздандыру ерітінділерінің біріне малып, заттар мен жабдықтарды сүртеді. Қабырға мен төбеге, еденге гидропульпен заарсыздандыру ерітіндісін шашып, 1 сағатқа бөлмені жауып қояды.

6. Осындаі тәртіппен 2 % сабынды содалы ерітіндімен сүртеді.

7. Барлығын таза сумен шаю қажет.

8. Залалсыздандырылған шүберекпен құрғата сүртіңіз.

9. Таза халатты киіп, жиһаздар мен құралдарды орнына қойыңыз.

10. Бактериоцидті шамды 2 сағатқа қосыңыз.

11. Бөлмені желдетіңіз (20-30 минут)

12. Жинастыру құралдарын заарсыздандырып, сумен шайып, құрғатып, арнайы бөлмеде сақтаңыз.

Ескеरту! Терапия бағыттағы бөлмелерге (палаталар, дәліз, дәрігерлік бөлме, медицина қызметкерлері үшін бөлмелер, төсек орын сақтайтын бөлме) айына бір рет, ал хирургиялық бағыттағы бөлмелерге (ине егу, таңғыш таңу, операциялық, операциядан шыққан пациенттерге арналған палаталар, босану залдары, жаңа туған балалар мен шала туған балаларға арналған палаталар, жұқпалы ауруларға арналған бокстар, бактериологиялық және вирусологиялық зертханалар) алтасына бір рет жалпы жинастыру жүргізіледі.

Бөлмені ағынды жинастырудан өткізу мақсаты:

- Санитарлық гигиеналық талапты сақтау;

- Аурухана ішілік жұқпаның алдын алу.

Емдеу сауықтыру мекемелерінде ағынды жинастыру күніне екі рет ылғалды әдіспен, кей жағдайда жиірек жүргізіледі. Жинастыру құралдарында (шелек, шара, шүберек,

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 21 беті

швабра) жинастырудың түрі мен бөлменің аты көрсетілуі тиіс және олар өз мақсатында қолданылуы қажет, қолданылуы бойынша бөлек сақталуы керек.

Еңбектің қауіпсіздігін ұйымдастыру

- ыңғайлы және қорғаныс құрылғылары бар медициналық құрал-жабдықтарды пайдалану;

- қауіпті медициналық құрал-саймандарды қолданудан қашу, егер оларды қауіпсіз және тиімді құрал-сайманға ауыстыруға мүмкіндік болса;

- қолданғаннан кейін шприц инесіне қақпағын кигізбей, арнайы контейнерлерге тастау;

- қолданылған инелерді арнайы контейнерлерде сақтау және тасымалдау.

Өткір, ұшты заттарды беру ережелері:

- құрал-саймандарды қолдан қолға бермеу;

- «қоямын», «аламын» деп айту.

Жарақаттануды болдырмау мақсатында инженерлік қорғаныстары бар қауіпсіз құрал-саймандар:

- СР шприцтер ретракционды инелерімен;

- Скальпель қорғаныс қақпағымен;

- Инелерді сақтауға арналған арнайы контейнер;

- Қанды алуға арналған вакуумды пробиркалар;

Пациенттің қаны мен басқа биологиялық сұйықтықтары арқылы жұғатын вирусты және бактериалды инфекцияны жүқтүру қауіпі жағдайларындағы мейірбике жұмысының ерекшеліктері

- Манипуляцияны орындау кезінде биологиялық субстраттар мейірбikenің терісіне, көздің шырышты қабығына, мұрынның шырышты қабығына, бет терісіне, киіміне түскен кезде апат жағдайдағы қобдиша қолданылады.

Манипуляцияны орындаған соң мейірбике міндетті түрде орындауы қажет:

Құрал-жабдықтар және таңу материалдарын дезинфекциялау (көрсетілген дезинфекциялық ерітінділердің біреуімен):

- 3% хлораминде -60 минут;

- 1,5% гипохлорид кальций -60 минут:

- 4% сутегінің асқын totығы -20 минут.

Медициналық құрал-жабдықтарды залалсыздандыру алдында тазалау, дайындау және залалсыздандыру.

Манипуляциядан соң жұмыс үстелін 3% хлорамин ерітіндісімен (2 рет) немесе басқа ұсынылған ерітіндімен өндөу.

Дезинфекциялық ерітіндісі бар ыдыста қолды жуғаннан соң, резенке қолғаптарды шешу.

Резенке қолғаптарды дезерітіндіге салып қою.

Халат, бет пердені шешіп, лас киімге арналған резенке қапқа салу.

Қолды ағып тұрған судың астында сабынмен (2 рет) жуу, құрғату.

Ескеरту: Жұмыс үстелі манипуляция кезінде қанмен ластанса 6% сутегінің асқын totығы ерітіндісі және 0,5% жуушы ерітіндіге малынған шүберекпен (2 рет – арасы 15 минуттан) өндөу қажет.

Жұмыс аяқталғаннан соң жұмыс үстелі 2 рет 3% хлораминмен өндөледі, шүберек 3% хлораминге 60 минутқа салып қойылады.

4. 4. Иллюстрациялық материал: 15-20 слайд

4. 5. Әдебиет:

Соңғы беттінде

4. 6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс)

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 22 беті

1. Медициналық этика және деонтология негіздері.
2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру. Медициналық ұйымдардағы санитариялық-эпидемиологиялық тәртіп, түрлері, тәсілдері, құралдары.
3. АИР туралы түсінік, инфекциялық үрдіс.

Дәріс №5

4.1. Тақырыбы : Қабылдау бөлімшесі. Ауруханага науқасты қабылдау.

4.2. Мақсаты:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

1.Күту бөлімі –науқастарға,оларды әкелген адамдарға арналған.Бұл жерде кресло,орындықтардың жеткілікті саны,аурухананың анықтама қызыметінің телефоны болуға тиіс.

2.Кезекші мейірбикенің кабинеті –бұл жерде жаңадан келген науқастардың тіркеуі,қажеттілік құжаттамалардың толтырылуы өткізіледі.

3.Қарau кабинеттері -(терапевт,хирург,гинеколог) дәрігерлерімен науқастарды қарauға арналған.

4.Процедуралық кабинет.

5.Танатын,кіші операциялықбөлмесі.

6.Санитарлық өткізгіш –науқастарды санитарлық өндеуге арналған(ванна,қайта киінуге арналған)бөлме.

7.Онашалайтын бөлме-бөлек дәретханасы бар, диагноздары анықталмаған науқастарға арналған бөлме.

8.Рентген кабинеті.

9.Зертхана,

10.Дәретхана.

Дәрігерлік алдын ала тексеру кабинеттері әр сырқат сайын ауыстырып тұруға арналған ақ жайmailармен қамтамасыз етіледі. Жедел дәрігерлік жәрдем көрсетуге арналған қажетті аспаптар бар.Қабылдау бөлімшесінің барлық кабинетінде тіке табиғи жарық болуы керек. Сырқат киініп-шешінгенде тонып қалмауы үшін бөлменің температурасы 250 С төмен болмауы керек. Алдын ала тексеру кабинетіндегі әрбір көшетканың жанында ағаш тор болуы керек. Сырқат киімдерін сақтайтын бөлме (торап) қабылдау бөлімшесіне жақын орналасуы қажет. Сырқат күтімінің сапасы медициналық қызыметкерлердің мінез-құлқына және еңбектегі дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. Соңғы жылдары қабылдау бөлімшесіндегі медициналық қызыметкерлердің қызыметі бір қатар өзгеріпті. Күтім сапасына қойылатын талаптар артты, дәрілік жәрдем түрлері көбейді, жабдықтау аппаратуралары жақсарды. Осыған байланысты орта медицина қызыметкерлеріне оның жалпы арнайы даярлығына қойылатын талаптар күшейді. Дұрыс әрі дәл қойылған қабылдау бөлімшесінің жұмысы көбіне аурухананың жұмыснда анықтайды. Қабыдау бөлімшелері сырқатты тасымалдау үшін ыңғайлы түзік зембілдермен және доңғалататын зембілдемен (каталка), сондай-ақ жүретін сырқаттар үшін жылдың маусымына сай сырт киіммен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілуі тиіс. Зембілдер мен доңғалататын зембілдер жеткілікті мөлшерде жастық тыспен, ақ жайма мен сайсеппен қамтамасыз етілуі тиіс, олар әрбір сырқаттан кейін ауыстырылып отыруы керек. Қабылдау бөлімшесінің

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 23 беті	

жұмысы белгілі бірзілділікпен жүргізіледі: сырқатты тіркеу, дәрігерлік алдын ала тексеру, санитарлық жуып-шаю. Қабылдау бөлімшесі де осы тәртіппен орналасуы тиіс.

Сырқатты тіркеген соң тез тарайтын жұқплы ауруы жоқ, бар екенін тексеріп, содан кейін дәрігер болжам диагноз қояды да, санитарлық жуып-шаюдың түрін белгілейді, мейіркеш оны санитарлық өткізу бөлмесіне дейін шығарып салады.

Қабылдау бөлімшесіндегі мейірбике міндеттері.

1Науқастарды қабылдау және тіркеу.

Науқастарды қарау, алғашқы зерттеу диагнозды қою. Жаңадан түскен науқастарды санитарлық-гигиеналық өндеу.

2Білікті медициналық көмегін көрсету.

3Аурухананың емдеу бөлмелеріне науқастарды тасымалдау.

Мейіркеш міндетіне мыналар кіреді:

1.бөлімшеге түскен сырқат құжаттарын реттеу.

2.сырқатты шешіндіріп бит және түрліше жұқпалы аурулардың жоқтығын анықтау үшін үстірт қарап шығу;

3.сырқатты дәрігердің кабинетіне шығарып салу;

4.санитарлық-гигиеналық . жуып шаюдан өткізу;

5.сырқатты бөлімшеге дейін тасымалдаш шығарып салу.

Қабылданған сырқаттар құжаттарын реттеу дегеніміз ауруң тарихының паспорттық бөлімін толтыру, оған фамилиясы, аты-жөні, мекені, жасы, мамандығы, ауруханаға түскен уақыты жазылады. Егер сырқат ауыр күйде немесе ессіз жағдайға түссе, бұл мағлұматтарды оны әкелген адамнан алады. Қабылдау бөлімшесіне ауыр күйде түскен сырқатты дереу арнайы бөлімшесіне жібереді, онда мамандырылған жәрдем көрсетіледі. Алайда сырқаттың көбі оған медициналық құжат толтыруға, алғашқы дәрігерлік алдын ала тексеру мен санитарлық жуып шаюға жағдайы көтеретін күйде түседі. Түскен сырқаттар құжаттары мен құнды заттары өртенбейтін шкафта, қабылдау бөлімшесінің қамбашисының немесе аға мейіркештің жауапкершілігінде болады. Ауру тарихының паспорттық бөлімін толтырғаннан кейін биттерді және жұқпалы ауруларды болдырмау үшін мейіркеш сырқат денесінің тұktі жерлерін тесеріп қарайды. Егер сырқат жағдайы көтерсе, мейіркеш оны өлшеуішке тұрғызып, саклмағын біледі, тек содан кейін ғана сырқатты алдын ала тексеру кабинетіне дәрігерге апарады, ол болжау дигнозын қойып , санитарлық жуып шаю мен тасымалдаудың қай түріне жататынын айтады.

Антрапометрия-науқас денесін және жеке мүшелерін өлшеу арқылы адамның жетілуін анықтау. Мейіркеш сырқаттың бойы мен көкірек шенберін өлшейді. Стационар бөлімшелеріндегі, емханалардағы санаторийлердегі, демалыс үйлеріндегі мейіркештер де қарапайым антропометриялық зерттеулер жүргізеді.

Бойды арнайың өлшеуішпен байқайды. Аспаптың тік тіреуі сантиметрлік бөлүнчлері бар алаңшаға бекітілген. Тіредің бойымен көленен орналасқан тақтайша қозғалады. Бойын өлшегендеге сырқат тіреуішке өкшесін, бөкссесін, жауырынын, желкесін тигізіп арқа жағымен түрады.

Құлақ қалқанының жоғары ұшымен көз сыйығының ұшы бір горизонталь сыйықтың бойында болғандай етіп басын ұсташа қажет: тақтайшаны басына түсіріп, оның төменгі бөліуінің көрсеткішін санайды. Кейбір жағдайда сырқат бойын отырғызып қойып өлшейді, мұнда алынған санға отырғыштан еденге дейінгі қашықтықты қосады.

Өлшену дұрыс орнатылған және жақсы реттелген дәрігерлік ондық салмағы таразыда тексереді. Аш қарынға іш киіммен, дәрет сыйырғаннан кейін өлшену ұсынылады. Ауныр науқасарды алдын ала орындық орындық салмағын анықтаған соң, отырғызып өлшейді. Ауру шаппасы ашық тұрған таразыға ешқандай итеріске түспей, жайлап көтергені абзал. Дұрыс өлшенген соң таразының шаппасын жабады. Дененің салмағы екі бөліктің салмақ

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 24 беті	

түскен төменгі және жоғарғы планкалардың қосындысымен анықталады. Көкірек клеткасының шеңберін сантиметрлік лентаны алдынан 4 қабырғаның бойымен, ал сырт жағынан жауырынның ұшына сала отырып өлшейді. Сырқат қолдарын түсіріп, бірқалыпты дем шығарып тұруы тиіс. Өлшеу дем шығару және өте терең дем алу кезінде жүргізіледі. Антропометриялық өлшеуден соң мейіркеш сырқатты дщәрігердің тексеруі кезінде қатысады, консультант шақырады, ЭКГ және басқа да диагноз қоюға арналған жедел зерттеулерге көмектеседі, содан кейін сырқаттарды санитарлық жуып шаюға арналған жерге дейін апарақды.

Сырқатты санитарлық жуып шаю.

Қабылдау бөлімшесіндегі сырқатты санитарлық-гигиеналық жуып-шаю оның күйінің ауырлығын ескере отырып бір немесе екі тасқынды жүйемен жасалады. Кереует саны шағын ауруханаларды бір тасқынды жуып шаю жүйесі, онда кезекпен әйелдерді, ал содан кейін ер адамдарды жуу қоса жүріп жатады да. Аурунлардың сырқаттар қабылдауң бөлімшесіне тез өтуіне мүмкіндік туады.

Қабылдау бөлімшесінің санитарлық өткізгішінде дәрігерлік тексеру бөлмесі бар, онда сырқатты шешіндіріп гигиеналық ванна алуға даярлайды. Бөлмеде көшетке таза киімге арналған шағын шкафттар мен кір киімге арналған шағын бактар, үстел, оның үстінде қырынуға, шашын қиоя арналған қажетті заттар, сабындар, жөкелер бар. Үстел үстінде «таза жөкелер» және

«лас жөкелер» деген жазулары бар екі кастрюль тұр. Әрбір сырқат жуынып шайынған соң жөкелер кастрюльге салып қайнатылады. Ванналарды санитарлық тазартуға арналған арнайы жөкелер мен шөткелер бар, олармен әрбір сырқаттаң соң, ванна тазартылып жуылады. Қазіргі кезде ванна бөлмелеріне заласызданған таза киім мен жеке салынған пакеттер қойылады. Қабырға ауа температурасын көрсетіп термометр ілінеді.

Дәрігерлік тексеру бөлмесінде сырқатты шешіндіріп заттарының екі дана тізімін жасайды, оның біреуін ауру тарихына қатыстырады, ал екіншісін сырқат ауруханадан шыққанға дейін жататын заттарға салады да оларды сактау камерасына тапсырады.

Мейіркеш сырқат шашын тексереді. Егер бит немесе сірке табылса , ауруды шешіндірместен көшеткаға отырғызып, қолда бар ерітінділер дің бірімен тазалайды, олар:

- 1.карбофостың 0,15% сулы эмульсиялы ерітідісі;
- 2.метилацетофостың 5 % майлы;
3. 0,5 % метилацетофос ерітіндісі осыншалық мөлшерде сірке су қышқылы;
4. 5 метилацетофос шампуны;
5. дикилдің 0,25 % сулы-эмульсиялы еріткіші;
6. 10 % сулы-сабынды-керосинді эмульсиясы (40 бөлігі керосин, 35 бөлігі К немесе шаруашылық сабыны, 25 бөлігі ыстық су.)

Шашты осы ерітіндінің бірімен жуып 15-20 минуттай үшкіл байлап жүреді. Содан кейін қайта-қайта жуып, 6%асханалық сірке суымен шаяды. Шашты алғанда клеенкаға немесе қағазға түсіріп, кейін отқа жағып жібереді. Егер шашты қалдыратын болса , оны жиі тарақпен тарайды. Сіркені кетіру үшін шашты 27-300С дейін қыздырылған асханалық сірке суын мақта тампонымен шылайды да 15-20 минуттай үшкіл тартып, содан соң жиі тарақпен тарап, қайтадан шаяды. Киімнен бит шықса, оны дезинфекциялайтын ерітіндіге малынған (4% ДДТ эмульсиясы б ғексахлоран 005% карбофос ерітіндісі, ацетофостың немесе метафостың 1% сулы ертіндісі) клеенкадан жасалған қапқа салады да аурухана тұрган жердегі территориялық дезинфекциялайтын камерасына жібереді. Биті бар сырқат ауру тарихының титуңл бетіне «Р» әріпін жазады. Мұндай сырқат ерекше қадағалауда болады, себебі битті (педикулезді) толық жойғанша жуып-шаю қайталана береді. Әрбір осындай сырқат жайлы мәлімет тұрған жердің СЭС-іне қабарланады. Дәрігерлік алдын ала тексеру бөлмесінен сырқатты мейіркеш ванна бөліміне апарады. Ол

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIAСЫ АҚ 	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 25 беті

бөлме кең және жарық, таза және жылы (250) болуы тиіс. Ванна бөлмесінде арнайы желдеткіш болуы қажет. Гигиеналық ванна алу кезінде форточкины ашып желорай жасауға болмайды. Еден су өтпейтін, кафельдермен төсөлгөн болуы қажет. Әр ваннада ағаш төсеме жатуы, оның үстіне салфетка жабылуы тиіс. Салфетка әр сырқаттан соң ауыстырылып отыруы керек. Ванна бөлмесіндегі сұртінуге арналған сұлгілерді немесе ақ жаймаларды кептіру үшін электр құрылғылары болғаны жөн. Сырқатты жуып-шағынан ваннаны сабынға немесе қандайда бір дезинфекциялайтын ертіндіге малынған жөкемен немесе шөткемен мұқият жуады. Шұмектің түбінде қошқыл дақ болса 3% хлорлы сутек қышқылымен сұрту қажет. Содан соң ваннаны ыстық сумен жуып, тесігін тығынмен жабады. Суып кетпеуі үшін ваннаны жуындыру алдында ғана толтырады. Су буы болмауы үшін алдымен суық су. Содан кейін ыстық су қуяды. Судың температурасын ағаш сапты арнайы термометрмен, оны судан шығармай тұрып, өлшейді. Сырқат арқасы мен желкесі ваннаның жиегіне тіреліп тұруы қажет, сонда судың мөлшері адамның дененсне дейәнін көтеріледі.

Сырқат ванна ішінде тайып құламауы үшін аяқ жағына ағаш отырғыш немесе тіреуіш қойылады да науқас оған аяғын тірдейді. Сырқатты жөкемен жуу керек: алдымен басын, содан соң денесі мен тәменгі жағын, әсіресе жиналып, бозданатын жерлерін (шаштың, шаптың тұстарын, әйелдерде емшек безі мен қолтық асты) жуады. Ваннада болу ұзақтығын судың температурасы мен сырқаттың жалпы күйіне байланысты. Су температурасы 350360 болғанда гигиеналық ванна алудың орташа ұзақтығы 20-30 минут. Ваннанғы дайындалған, оны таза ұстаяға жауапты кіші мейіркеш. Мейіркеш сырқатты жуындыру кезінде жанында болып, оның тегрісі мен тамырының соғуын байқап егер науқас өні бозарып, басының айналатының, күйінің нашарлағанын айтса, мейіркеш деренде дәрігерді шақыруы тиіс. Сырқатты ваннадан шығарып, денесін сұртіп, көшеткеге жатқызады да, мұсәтір спиртіне малынған мақта иіскетеді. Немесе басын суық су мен дымқылданған сұлгімен орыйді. Егер сырқаттың күйіне қарай гигиеналық ванна жарамаса, душ беріледі. Ол үшін ваннаға орындық қойылып, оған сырқатты отырғызады. Онда да ваннадағы сияқты тәртіппен жуады. Әрбір сырқаттан соң ваннаны сабынды жөкемен жуып, дезинфекциялайтын ертінділердің бірімен (0,5 % суық хлорлы әкпен немесе 2% хлорамин ертіндісімен) шаю қажет. Егер сырқат жай –күйі орташа дәрежеде болса, мейіркеш оның денсін, әсіресе шаптері қыртыстарын, қолтық асты мен әйелдердің емшек бездері астын дезинфекциялайтын ертінділердің (камфора спирті, иіс су, арак) бірімен дымқылданған сұлгімен сұртеді. Ванна және дәрігерлік алдын ала тексеру бөлмелерін өте таза ұстая керек. Көшеткеге клеенка мен жастықты әрбір сырқаттан кейін 2%хлорамин ертіндісіне немесе 0,5% хлорлы әк ертіндісімен дымқылданған шүберекпен сұртіп, ал ауысым біткен соң сабынды ыстық сумен жуу қажет. Көшеткедегі ақ жайманы әрбір сырқаттан кейін ауыстырып отыру қажет. Ванна бөлмесін құніне бірнеше рет жуу керек. Бөлмелелерді жинауға қоланатын құрал-жабдықтар (шелектер, легендер, ескіберектер т.б.) таңбалануы қажет. Оларды арнайы бөлмеде сақтау керек. Жинауда қолданылған құрал-жабдықтар мұқият жуылыш, кептіріледі. Унитаздарды жууға 0,5% хлорлы әктің сүйық ертіндісі қолданылады. Ауруханалардың бөлімшелерінде олардың профиліне қарамастан сырқатты жуып-шаюдан өткізу үшін тәмендегідей құрал жабдықтар мен дезинфекциялайтын құралдары болуы тиіс, олар осы мақсатқа арнайы бөлінген шкафттарда немесе жәшіктерде сақталуы керек.

1. Дезинфекциялайтын құралдар: лизол, сабын, асханалық сірке су, сабындың керосинді эмульсия, 0,5% гексахлоран ертіндісі, карбофос, хлорамин.

2. Шаш алатын машинка, шаш тастайтын, қақпұры жабылатын шелектер, таза және лас жөкелер салатын қаптар, шаш алғанда сырқат жамылатын жеңіл-克莱нка пелерина, мензурка, спирт шамы, мақта үшкілдер, тарақтар, жөкелер.

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 ()	60 беттің 26 беті

Сырқат қабылдау бөлімшесінде барынша өте аз уақыт болуы тиіс. Жұқпалы ауруы бар деп сезіктенген сырқаттардың диагнозын тездептіп қойып, эпидемияға қарсы емдеу шараларын қабылдау үшін бактериологиялық сынақ алу қажет. Сырқатты санитарлық жуып-шаюдан кейін оның ауруына сәйкес аурухананың арнайы бөлімшесіне палатаға дейінгі жолы тіке де қысқа болуы тиіс. Мұның үстіне сырқат басқа бөлімшелердің сырқаттарымен қатынаспауды, сөйлеспеуді қажет. Жағдайы тым нашар жағдайда сырқат санитарлық жуып-шаймай-ақ қарқынды бақылау бөлімшесіне дәріг.ерлік жедел жәрдем көрсету үшін жіберіледі. Жұқпалы аурулар бөлімшесінде сырқатты оқшаулауға арналған мельцер боксі және жартылай бокс бөлмесі бар, онда халат дезинфекциялытын ерітіндін, жуынатын жер, сабын, сұлгі трады. Бокс алдындағы бөлмеде екі есік бар: біріне коридордан кіреді, екіншісі (ішкі) палатаға кіреді, онда сырқаттың ауруханадағы күні оқшаулау кезеңінен тұрады. Палатада керуеттен, төсек орыннан, түмбочка мен орындықтан басқа санитарлық торап болады. Әрбір бокстың өзінің жақсы таңбаланған жинастыру құрал-жабдығы және 0,5 % хлорлы әк ерітіндікі болуы тиіс. Есіктер саңылаусыз жабылуы қажет. Қызыметкерлер бокс алды бөлмеге есікті мұқият жауып кіреді, қолдарын жуады, екінші халат, қалпақ немесе үшкіл тартады, қажет болған жағдайда дәкеден маска байлайды, тек осылардан кейін ғана ішкі есікті қаттырақ жауып бокске кіреді. Сырқатты қөріп, қажетті процедуラларды орындаған соң мейіркеш бокс алдындағы бөлмеге шығып, аққан судың астына қолын сабындағы жуады, 0,5%хлорамин ерітіндісімен дезинфекциялады, халаты мен қалпағы шешеді де, сыртқы есікті мықтап жауып, коридорға шығады. Бокста істейтін мейіркеш бокста пайдаланылған заттардың міндетті түрде дезинфекциялануын бөлменің үш рет жуылуын және ауруханада жұқпалы ауруды болдырмау үшін сырқаттардың дұрыс оқшалануын қатаң қадағалау тиіс. Сырқат жазылып шыққан соң бокс бөлмесін, заттарды, киім-кешекті мұқият дезинфекциялады жуып, ал медициналық қызыметкерлер халатын ауыстыру қажет.

Сырқатты бөлімшеге тасымалдау.

Сырқатты бөлімшеге бірнеше жолдармен тасымалдауға болады. Тасымалдау түрі туралы мәселені дәрігер шешеді. Жай күйі қанағаттанарлық сырқатты палатаға медициналық қызыметкерлер шығарып салады. Бірқатар жағдайларда сырқатты бөлімшеге дейін кресло-кatalkada сырғытып апарған жөн. Ауыр науқастарды бөлімшеге арнайы каталкаларға орнатылған зембілдермен тасымалдайды. Әрбір каталка маусымына қарай таза ақ жаймамен жабылып, көрпемен жабдықталып төсөлуі тиіс. Ақ жайманы әрбір сырқаттан кейін ауыстыру керек. Көрпені желдетіп алады, ал жұқпалы аурулардан кейін дезинфекциялады. Қазіргі кезде тежеуші бар зембіл –каталкалар шығарылып отыр. 2нemесе 4 адам зембілмен көтеріп шығарады. Зембілдің артқы жағын сөл көтеріп, сырқаттың басын алдына қаратып жүреді. Түсерде сырқат жатқан зембілдің аяқ жағын көтеріп алдымен шығарады.

Қазіргі кезде көптеген ауруханалар арнайы тасымалдау құралымен қамтамасыз етіледі, ал сырқатты қабылдау бөлімшесінен қашық тұрған корпусқа жеткізеді. Қозғалуға болмайтын ауыр науқастарды зембілден төсекке еппен бір ережелерді сақтай отырып жылжытып салады: зембілдің аяқ жақ шетін кереуеттің бас жағына қою қажет. Егер палата болса, зембілді кереуетке параллель етіп қояды да, медициналық қызыметкерлер зембіл мен кереует арасында ауруға бетін беріп тұрады. Інғайсыз артық қимылдар жасамау үшін зембілді кереуетке қалай дұрыс келтіру керегін алдын ала ойластырган жөн. Қабылдау бөлімшесінің қызыметкерлері сырқатты аурухананың күн режиміне және ішкі тәртіпен таныстыруға, туысқандарымен кездесетін күндері мен сағаттары туралы айтуга, сипайы түрде сырқаттың аурухана режимін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылатыны жөнінде ескертуге міндетті.

Кабылдау бөлімшесінің санитарлық-эпидемиологиялық тәртібі.

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 27 беті

1. Жұқпалы ауруға құдікті науқастарды дер кезінде анықтау үшін қабылдау бөлімшесіне түсетін барлық науқастарды дәрігер қарап шығады.

2. Осы мақсатпен науқастардың тері қабаттары, жұтқыншағы қаралады, дene температурасы өлшенеді. Қарауға арналған пайдаланатын медициналық аспаптарын бір дезинфекциялаушы ерітіндінің ыдысын таңбалайды.

3. Науқастардың қарауын медициналық клеенка немесе полиэтилен пленкасымен жабылған күшетканың үстінде өткізеді. Эрбір науқасты тексергеннен кейін, клеенканы дезинфекциялаушы препараттың ерітіндісімен суланған шүберекпен сүртеді. Соған арналған қақпақпен таңбаланған ыдыс, шүберек және дезинфекциялаушы ерітіндісі болуы қажет.

4. Қабылдау бөлімшесінде науқастарды педикулезбар болуына қарауға қажет. Педикулезді анықтаған уақытында науқас, гимарат және науқас қатынасқан заттар арнайы өндеуге жатады. Педикулезді анықтаған әрбір науқас туралы, оның мекен-жайын санитарлық-эпидемиологиялық станциясына хабарлайды, ауру тарихында сәйкестілік белгілеуді қояды. Науқасты бөлімшеде бақылауға қалдырады, 10 куннен кейін қайта өндейді.

5. Науқас қабылдау бөлімшесінде толық санитарлық өндеуді өтеді, сүсепкіш немесе ваннаны қабылдайды (дәрігердің нұсқауы бойынша), тырнағын алады т.б. Жуыну үшін науқас залалсыздандырылған жөкені алады немесе үйінен әкелінген жөкесімен пайдаланады.

6. Санитарлық арнайы бөлінген гимаратта өткізіледі. Сол гимаратта сырттан келушілерге өткізу жүйесі сақталуы тиіс, себебі науқастардың қарсы келе жатқан тасқыншыларды болдыртпау.

7. Санитарлық өндеуден өткеннен кейін, науқас аурухананың таза ішкімін, халат (пижама), тәпішкесін алады. Емдеу мекеменің бас дәрігерінің рұқсаты бойынша науқасқа өзінің іш киімін, тәпішкесімен пайдалануға болады, соның ауыстыруы бөлімшениң графигі бойынша өткізіледі.

8. Жұқпалы ауруына құдікті науқасты анықтаған жағдайында, оны тоқтаусыз оңашалайды және жұқпалы ауруханасына (бөлімшесіне) аударады.

9. Науқас қатынасқан ғимратты, жихазды, заттарын дезинфекциялады. Дезинфекцияны қорытынды түрінде өткізеді.

10. Жұқпалы аурумен немесе оған құдікті науқастың эвакуациясына арналған көлікті дезинфекциялаушы ерітіндінің біреуімен залалсыздандырылады.

11. Ауруханаға жатқызылған науқастардың киімін және аяқ киімін арнайы қаптың ішіне салады (киім және аяқ киімшін бөлек қаптарды пайдаланады), қаптарға науқастардың фамилиясы жазылған бирканы

қыстырады. қаптарды арнайы бөлінген гимараттарда стеллажында сақтайды.

12. Қабылдау бөлімшесінің мейірбикесі мыналармен қамтамасыз ету керек.

- сабын және жеке пайдаланатын жөкелермен (саны емдеу профилактикалық мекемелердің құніне өткіzetін жүйесімен белгіленеді).

- таза және пайдаланған жөкелердің бөлек сақталуына арналған ыдыстармен (таңбаланған), қырынатын аспаптармен, таза тарақтармен,

- тырнақ алуға арналған қайшылармен;

- клизмаға арналған ұштықтар және оларды дезинфекциялауға арналған ыдыстармен;

- қоқысты жинауға арналған қақпағы бар шелегімен;

- саны жеткілікті дезинфекциялаушы және дезинфекциялық заттармен.

13. Эрбір науқас пайдаланған кейін жууга арналған жөкелерді, ванна, тарақтар, қырынатын

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 28 беті

аспаптарын, қайшылар, пинцеттер, ұштықтар, медициналық аспаптар, стол, күшеткаларының жұмыс үстерін белгілі бір тәртіппен дезинфекциялады.

14. қолды жуу үшін кішкентай қораптағы бір рет қолданатын кез келген

Сабынды 2-рет сабындау арқылы қолданады. Жұқпалы ауру немесе оған күдікті тексергеннен кейін қолды септикаға қарсы ертіндісімен залалсыздандырылады.

15. Қолға арналған орамалдарды күн сайын және ластанған уақытта ауыстырады.

16. Медициналық қызыметкерлер міндетті түрде халат, шашты түгелдей жауып тұратын телпек киоғе міндетті. Арнайы киімді күнде ауыстырады.

17. Қабылдау бөлімшесін күніне 2-реттен артық емес сулы әдіс және дезинфекциялаушы әдіспен жинастырады. Жинастыру барысында инвентарь таңбаланады, арнайы белінген ғимаратта сақталады. Егер арнайы ғимарат болмаса, жинастыру инвентарьді оның дезинфекциясынан кейін сәйкес ғимараттарында сақтауына рұқсат беріледі. Мәселен, санитарлық өткізгішке арналған жинастыру-инвентарьді санитарлық өткізгіштің ішінде, дәретханаға арналған жинастыру инвентарьді-дәретхана бөлімінде. Қабырғаны, едендерді және әр түрлі бөлімдерді жууға арналған шүберектер бөлек және таңбаланған болуға тиіс. Шүберектерді және инвентарьді пайдаланғаннан кейін залалсыздандырылады.

4. 4. Иллюстрациялық материал: 15-20 слайд

4. 5. Әдебиет:

Сонғы бетінде

4. 6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс)

1. Медициналық этика және деонтология негіздері.

2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.

Медициналық ұйымдардағы санитариялық-эпидемиологиялық тәртіп, түрлері, тәсілдері, қуралдары.

3. АИИ туралы түсінік, инфекциялық үрдіс.

Дәріс №6

4. 1. Тақырыбы : Науқастың функциональды жағдайын бағалау.

4.2. Мақсаты:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үрлену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

Термометрия

Адамның дене қызуы кез келген жағдайда салыстырмалы тұрақты болып келеді. Оны бірқалыпты ұстая құрделі жылу реттеу үрдістерімен қамтамасыз етіледі - құрамына перифериялық (тері, қан тамырлары) және орталық (гипоталамус) терморецепторлар, бас миында орналасқан жылу реттегіш арнайы орталықтар және жылу белу әрі беру деңгейін реттейтін эфференгті жолдар кіреді. Дені сау адамның қолтық астындағы қызуы 36,4 - 36,8°C аралығында тербеледі. Ең жоғарғы летальды қызу (яғни адам өміріне сай келмейтін температура, бұл кезде адам өледі) 43°C-қа тең, мұндай қызуда организмде зат алмасуының қайтарылмайтын өзгерістері басталады, клеткаларда ауыр құрылымдық заымданулар болады. Летальды ең төменгі қызу - 15 - 23°C.

Әртүрлі жағдайларға байланысты дene қызуының физиологиялық тербелуі мүмкін. Мысалы, тік ішекте, кынапта, шап қыртысында, ауыз қуысында өлшенген қалыпты қызу қолтық астындағы қызуға қарағанда 0,4°C жоғары. Балаларда зат алмасу неғұрлым қарқынды етеді, ал жылу реттеу механизмдері жетілмеген, сондықтан оларда үлкендерге

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 29 беті

қарағанда дene қызуы неғұрлым жоғары. Эйелдерде дene қызуы етеккірдің фазаларымен анықталады: овулация (жетілген фолликулдың жарылып, жұмыртқа клеткасының шығуы) кезінде ол 0,6 - 0,8°C - ка көтеріледі. Барлық адамдарда дерлік дene қызуының тәуліктік тербелуін анықтауға болады, бұл әдетте 0,1 - 0,6°C құрайды. Ен жоғарғы дene қызуы әдетте түстен кейін (17 - 21 сағаттарының аралығында), ал ең төмен қызу -таңсәріде (сағат 3-пен 6 аралығында). Жазда адамның дene қызуы кыстағыға қарағанда 0,1 - 0,5°C жоғары. Дене қызуының көтерілуі тамақ ішкеннен кейін, қарқынды жұмыс, эмоциональдық күштену (мысалы, студенттерде актерлерде, спротшыларда) кезінде байқалады.

Адамның дene қызуын өлшеу термометрия деп аталауды, ол медициналық сынап термометрімен жүргізіледі. Термометр капилляры бар шыны түтікшеден тұрады, онда сынап толтырылған резервуар бар. Бұл түтік шкалаға бекітілген, оған 34-тен 42°C дейін бөлімдер жасалынған. Қызған кезде капиллярмен жоғары көтерілген сынап сұзыса да төмен түспейді. Сынап тұсуі үшін термометрді бірнеше рет сілкү керек. Медициналық термометрдің шкаласы дene температуrasын 34-тсн 42° дейін өлшеуге арналған, бір белгі 0,1 °C.

Дене қызуын көбінесе қолтық астында (алдау күдіктелінсе-екі жақпыш да), ал шап қыртысында (балаларда), ауыз куысында (термометр резервуарын тілдің астына қояды), тік ішекте (вазелинмен майлланған термометрдің резервуарын сол қырында жатқан науқастың тік ішегіне 2-3 см терендікке кіргізеді) сиректеу өлшейді. Дене қызуын өлшегендеге мейірбикенің болуы міндettі. Дене қызуы қолтық астында калыпты жағдайда 36 - 37°C, және ол шырышты қабаттардағы қызуға қарағанда 0,5 - 0,8°C төмен екендігін есте сақтаған жөн.

Қызуды өлшеу былай жүргізіледі: құрғақ 35°C-ден төмен көрсеткішпен термометрді адын ала құрғатып сұртілген қолтық астына терімен толық жанасатындағы етіл орнатады (науқастың иығын кеуде клеткасына қысу), 7 - 10 минуттан кейін термометрдің көрсеткішін анықтап, оны температуралық бетке жазады. Содан кейін термометрді сілкіп, 4/5 белігіне дейін немесе толығымен хлораминнің 1% заарсыздандыру ерітіндісіне (немесе басқа дез. Ерітіндіге) 15 минутқа салып қояды, содан соң ағынды сумен шайып, құрғақ күйінде түбінде мақтасы бар ыдысқа сақтайды.

Қазіргі кезде қызуды өлшеудің басқа да жолдары бар екендігін айтқан жөн. Мысалы, электронды термометрлер, электротермометрлер, тез анықтау үшін - экспресс әдіс, мандай терісіне қызу көтерілгенде бояуын өзгеретін термолабильді затпен қапталған қағаз киындысы.

Дене қызуының тәуліктік тербелулерін сыйып керсету үшін температуралық беттер толтырады. Температуралық парақтарды әр науқасқа толтырып, күніне екі рет термометрия нәтижелерін жазып отырады. Абсцисс осі бойымен ауру күндері, ординат осінде температуралық тор орналасады, оның бөліктері 0,2°C-қа тең. Бетке күнделікті екі реттік термометрия нәтижелерін нұқтемен белгілейді, оларды біріктіреді де температуралық қысық сыйық сыйылады.

Науқастың белсенділік тәртібі, төсектегі қалпы. Дене биомеханикасы. Науқастың төсектегі қалпын өзгерту, төсектегі қалпы

Науқастың төсектегі қалпы. Науқастың белсенді, белсенді емес, мәжбүрлік қалпын ажыратады. Белсенді қалыпта науқас төсектегі өз қалпын емін-еркін өзгерте алады және жүре алады. Белсенсіз қалыпта науқас өздігінен қозғала алмайды. Мысалы зілді мертігулерде, жаралануда, сал болып қалғанда және т.б. Мәжбүрлік қалып дегеніміз науқастар ауырсынуын жеңілдету мақсатында қабылдайтын қалып. Мысалы, ортопноэ - қан айналымының жетіспеушілігі бар науқастардың аяқтарын төмен түсіріп, отыруы, бұл кезде қан аяқ көк тамырларында жиналады да өкпедегі қан іркілуі азаяды, ентігу біраз әлсірейді.

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 30 беті

Науқастың қалпы әрдайым оған тағайындалған қозғалу тәртібімен сәйкес келе бермейді. Науқастың белсендерлік тәртіптері:

1. Қатаң төсектік (аурудың жедел сатысында біраз уакытқа тағайындалады, 1-3 күн), науқас шалқасынан жатады, тек майда буындарын қозғалтуға рұқсат етіледі, күтімді толығымен мейірбіке жүргізеді.

2. Төсектік (аурудың жеделдеу сатысында тағайындалады), науқас жатады, төсекте бұрылуға, ірі буындарын қозғалтуға болады, жартылай өзін өзі күтім жүргізуге рұқсат етілуі мүмкін.

3. Палаталық, науқас уақытының көбін төсекте өткізеді, палатада жүргүре болады, палатадан тыс шығуына болмайды, жекелей немесе топты ЕШК жаттығулары аздаған салмақ түсірумен палатада жүргізіледі, толығымен өзін-өзі күтеді.

4. Жалпы, уақытының көбін жүрумен өткізеді, барлық емге баруына болады, топты ЕШК жаттығулары аз және орташа салмақ түсірумен арнайы залда жүргізіледі, толығымен өзін - өзі күтеді, далаға шығуға болмайды.

5. Аялағыш-жаттықтырығыш, құндізгі уақытта төсекте жатуына болмайды (тыныштық сағаттарынан басқа уақытта), ЕШК жаттығулары тек топты тәсілмен орташа және үлкен салмақ түсірумен жүргізіледі, енбекпен емдеуді тағайындауга болады, далада серуендеуге немесе жаттығуға болады, спорт ойындарының элементтері тағайындалады.

Шипажайлық емге жаттықтырығыш тәртіп колданылады. Науқас мекеменін барлық шараларына қатысады, ЕШК жаттығулары үлкен салмақ түсірумен жүргізіледі. Науқастардың медициналық, тұрмыстық, әлеуметтік, кәсіптік реабилитациясы мақсатында қалпына келтіру шараларының негұрлым толық бағдарламасы тағайындалады.

Науқастың белсендерлік тәртібі

Науқастың белсендерлік тәртібі науқастың ауыр-женілдігіне байланысты бөлінеді:

Жалпы

Жартылай төсекті

Төсекті

Қатаң төсекті

1. Егер науқас адам өз бетінше жүріп-тұра алатын болса және өз аяғымен дәретханаға, ем қабылдауға, асханада тамақтануға, туыстарымен кездесуге

шамасы келсе мұндай тәртіпті жалпы төсекте жату тәртібі деп атайды.

2. Егер дәрігер науқас адамға сырқатының ауырлығына байланысты көп

қозғалуға рұқсат етпесе, тек қажет болған жағдайда ғана қозғалуға, дәретханаға, ем қабылдауға, асханада тамақтануға, туыстарымен кездесуге рұқсат етілсе мұндай тәртіпті жартылай төсекте жату тәртібі деп атайды.

3. Егер науқас адамның тек өз төсегінде ғана қозғалуына рұқсат етіліп, басқа артық қозғалыс жасауына рұқсат етілмесе мұндай тәртіпті төсекте жату тәртібі деп атайды.

4. Егер науқас адамның өз төсегінде жатып қозғалуына рұқсат етілмесе (етпетінен, бір қырынан, отыруына) мұндай тәртіпті қатаң төсекте жату тәртібі деп атайды. Төсек тартып жатқан науқастардың төсекте жату қалпының 3 түрі бар.

Науқастың төсектегі қозғалыс қалпы:

Белсенді

Енжарлы

Мәжбүр

Белсенді немесе еркін қалып – женіл ағымды аурулармен ауырған науқастарда кездеседі. Ол кезде науқас өздігінен қимылданап өз денесінің қалпын еркін қозғалта алады, өзін-өзі күте алады.

Енжарлық қалып – науқас қимылсыз, жағдайы ауыр, өз-өзіне күтім жасай алмайды.

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 31 беті

Мәжбүрлік қалып – ауру адамның жағдайын жөнілдететін қалып. Науқас өзін мазалайтын ауырсыну сезімдерін азайту үшін немесе мұлдем тоқтату үшін қолданады. Клиникада мәжбүр қалыптың бірнеше түрі кездеседі:

Ортопное- өкпе демікпесінде науқас амалсыз төсегінде отырады. Осы уақытта ентігуі азаяды. Амалсыз бір бүйірінде жату қалпы – жүрек ауруларында, науқас амалсыз оң бүйіріне жатады, сол бүйіріне жатқанда, жүрегі қысылады.

Амалсыз шынтақ пен тізеге отыру қалпы – бұл экссудативті плеврит ауруына тән. Амалсыз ішінен жату қалпы – асқазан жара ауруларына тән. Арқасымен жату қалпы – шалқасынан жату миокард инфарктісінде қолданылады.

Науқастың төсектегі дene қалыптары :

1. Фаулер қалыпта жату – науқас жастықсыз кереуеттің ортасына арқасымен немесе шалқасынан жатады. Функционалды кереуеттің бас жағын 45-60°C жоғары көтеру керек немесе үш жастықты бір-біріне қою керек. Жоғарғы Faулер жағдайы – 90°C, ал төменгі Faулер жағдайы -30°C-қа көтеру керек. Faулер қалыпта жатуды - өкпе, жүрек демікпесінде, гипертониялық кризде, тері ойылуда қолдануға болады (сурет). [68]

2. Симс қалыпта жату – науқасты бір қырынан жатқызу керек. Төменгі қолы арқасына қарай созылып, ал екі аяғы жөніл тізесінен бүтіледі. Жоғарғы аяғы алдына таман қаттырақ бүгіліп, төменгі аяғы төсекте созылып жатады. (сурет).

Науқасты Faулер қалпында жатқызу

Мақсаты: төсекте науқасты жартылай отыру қалпымен қамтамасыз ету.

Іс-әрекет Негізделуі1. Науқаспен амандасу, жағдайын сұрау, манипуляция мақсатын, іс - әрекеттерді түсіндіру Науқаспен қажет қарым-қатынас жасалады. 2. Науқастың келісімін алу Пациент құқықтарын сақтау қамтамасыз етіледі3. Кереуеттің бас жағын 45-60°C бұрышқа көтеру Тамактануға, айналасындағылармен қарым-қатынас жасауға ыңғайлы жағдай жасалады. 4. Науқастың басын төмен жастыққа қою Мойын омыртқаларының бұту контрактураларының алдын алу қамтамасыз етіледі. 5. Науқас қолының астына жастық қою Қолдың салмағының төмен тарту нәтижесінде болатын иық буыны капсуласының тартылуын, буынның шығып кетуін болдырмау қамтамасыз етіледі. 6. Бел аймағы астына жастық қойыныз Омыртқаның бел аймағына салмақ түсірмеу қамтамасыз етіледі. 7. Науқастың қабыргалары астына кішкене жастықша қойыныз Салмақ әсерінен тізе буындарының шектен тыс жазу, тізе асты артерияларының қысылуын болдыр-мау қамтамасыз етіледі. 8. Балтырдың төменгі 1/3 аймағына кішкене жастықша қойыныз. Матрастың табанға қысымын ұзақ болдырмау қамтамасыз етіледі. 9. Аяқ астына 90°C бұрышта тіреуіш қойыныз. Аяқтардың “салбырап” қалуын болдырмау.

Науқасты жоғары арқасымен жатқызу

Мақсаты: Науқастың арқасымен мәжбүрлі жату қалпы.

Іс-әрекет Негізделуі1. Науқастың бас жағын горизонталды етіп орналастыру Арқасымен жатқызу қамтамасыз етіледі. 2. Бел аймағының астына кішкене жастықша қою. Омыртқаның бел аймағына салмақ түсірмеу қамтамасыз етіледі. 3. Иықтың жоғарғы белігіне, мойын және басының астына кішкене жастық қою. Мойын омыртқалары аймағында бүгілу контрактураларын болдырмау қамтамасыз етіледі. 4. Санның сыртқы шетіне валик тәріздес жастықша қою. Санның сыртқа қарай бұрылуын болдырмау қамтамасыз етіледі. 5. Балтырдың төменгі 1/3 бөлігіне валик қою. Қысым төмендеп, ойылу пайда болу қаупі жойылады. Аяқ басына 90°C бұрышта тіреуіш қою Аяқ басының “салбырап” қалуын болдырмау. 7. Науқастың қолдарын алақанымен төмен қаратып, денесіне параллель етіп орналастыру, білек астына кішкене жастықша қою. Иықтың шектен тыс бұзылуын болдырмау, шынтақ буынның шектен тыс жазылуының алдын алу.

Науқасты ішімен жатқызу

ОНГҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 32 беті

Іс-әрекетнегізделуі1. Науқаспен амандасу, жағдайын сұ-рау, манипуляция мақсатын, іс-әрекеттерін түсіндіруНауқаспен қажет қарым-қатынас жасалады2. Науқастың келісімін алуНауқастың құқығын сақтау қамтама-сыз етіледі3. Кереуettі горизонталды қалыпқа келтіріп, жастықты алғып таставуНауқастың қалпын өзгертуге ынғайлы жағдай қамтамасыз етіледі4. Науқастың қолдарын шынтағында жазып, денесіне жақыннату, кол ұшын санының астына қойып, қолы арқылы денесін айналдырып, ішімен жатқызуНауқастың қалпын өзгертуге ынғайлы жағдай қамтамасыз етіледі5. Науқасты кереуettі ортасына жатқызуПациентке ынғайлы жағдай жасалады6. Науқастың басын бір шетіне қарай бұру, басының астына кішкене жастық қоюМойын омыртқаларының бұту және шектен тыс жазуды азайту7. Көк ет деңгейінен төмен іш аймағына кішкене жастық қоюБел омыртқаларының шектен тыс жа-зылуы мен бел омыртқаларына салмақ тұсу төмендейді8. Науқастың қолдарын иығында бұту, бас деңгейіне дейін көтеруИық буынының шығып кетуін бол-дырмау9. Аяқ басы астына валик қоюАяқ басының “салбырап” қалуын және сыртқа қарай бұралуын болдырмау

Науқасты бір қырынан жатқызу

- 1) Бір қолыңыздың алақанын жоғары қаратып науқастың белінің астына қойыңыз.
- 2) Екінші қолыңызды науқастың жамбасының астынан сан аймағына жіберіп, алақаныңызды жамбас-сан буынында бекітіңіз.
- 3) Науқасты өзінізге қарай жылжытып, бір қырына қарай айналдырыңыз.
- 4) Науқас төсектің ортасында орналасуы керек.
- 5) Жоғарғы аяқты тізесінде бүгіп, науқасты бекітіңіз.
- 6) Науқастың бас жағына жастық қойыңыз.
- 7) Бүгілген аяқ астына жастық қойыңыз, аяғы сан деңгейінде орналасуы керек.
- 8) Астындағы қолды шамалы бүгініз, жастық қасына орналастырыңыз.
- 9) Үстінде орналасқан қолды шынтақта бүгіп, жастықтың үстіне орналастырыңыз.
- 10) Төменгі аяқ басына тіреуіш қойыңыз.
- 11)Науқасқа ынғайлы екендігіне көз жеткізіңіз.
- 12) Науқасты өзімізге қаратып айналдырып бір қырынан жатқызу
- 13) Науқасты сол қырына айналдыру кезінде оның оң қолын көкірегіне, ал оң аяғын сол аяғының үстіне қойыңыз.
- 14) Науқасты санынан (тізесіне жақындау) және иығынан ұстаңыз.
- 15) Өзінізге қарай науқасты айналдырыңыз.
- 16) Жоғарғы аяғын тізесінде бүгіп, науқасты бекітіңіз.

Науқасты Симс қалпында жатқызу

Іс-әрекетНегізделуі1. Науқаспен амандасу, жағдайын сұрау, манипуляция мақсатын, іс-әрекеттерін түсіндіруНауқаспен қажетті қарым-қатынас жасалады 2. Науқастың келісімін алуНауқастың құқығын сақтау қамтамасыз етіледі3. Кереуettі бас жағын горизонталь-ды қалыпқа келтіруНауқасты бір қырымен жатқызуға ынғайлы жағдай жасалады4. Науқасты бір қырымен және жар-тылай ішімен жатқызуға ынғайлы жағдай жасалады5. Басына жастық қоюМойынның шектен тыс бүгілуін болдырмайды6. 90° бұрышта иықта және шын-тақта бүгілген «жоғарғы» қол асты-на жастықша қою. «Төменгі қолды» бүкпей төсекке қоюДұрыс дene биомеханикасы қамта-масыз етіледі 7. Бүгілген «жоғарғы» аяқ астына жастықша қою, «төменгі» балтыр «жоғары» аяқ санының төменгі 1/3 бөлігі деңгейінде орналасуы керекСанының ішке қарай бұрылудын, аяқтың шектен тыс жазылудын болдырмайды8. Аяқ астына 90° бұрышта тіреуіш қоюАяқ басының бұгуін қамтамасыз ету, аяқ басының «асылыш қалуын» болдырмайды

Дене биомеханикасы

Мейірбике науқасты көтеру, тасу, қолдан жүру, ауыстыру сияқты шаралар барысында сырқат жарақат алуды мүмкін. Сондықтан науқастардың бір жерін ауыртып алмау

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 33 беті

мақсатында және сондай жағдайды болдырмау үшін керекті дағдыларды білу керек. Науқастарды отырған немесе жатқан жерінен тұргызып, болмаса көтеріп, орнын ауыстыруға тура келеді.

Медицина қызметкері өз күштерін дұрыс бағаламай, дененің биомеханикалық зандылықтарын ескермей, денесіне ауыр салмақ түсіріп, омыртқаларын және де басқа қозғалыс аппараттарын зақымдаپ алуды мүмкін.

Мейірбике өзіне де науқастарға да зиян келтірмеу үшін келесі ережелерді есте сақтау керек:

- егер ол сізден женіл болмаса немесе қозғалтуға басқа ешкім көмек бере алмаса өзі қозғала алмайтын, көмек бере алмайтын науқасты көтермеу керек;
- науқастарды көтергенде немесе күтімге байланысты басқа жұмыстарды орындағанда мүмкіндігінше дененің арқасын, омыртқа жотасын түзу ұстau керек;
- алға созылған қолдармен науқасты көтеруге немесе қозғалтуға болмайды;
- егер науқас қозғала алмаса, механикалық құрылғылар көмегін пайдалануға болады. Ауыр салмақты түрлі заттарды көтергенде, науқастарға көмектескенде дененің биомеханикалық ережелерін қолдану керек.

Науқастарды тасымалдау мен орнынан ауыстыру

1. Салмақты көтермesten бұрын аяқтың табандарының арасын 30 см алшақтықта ұстап, біреуін екіншісінен сәл алға жылжыту керек. Бұл қалыпта медицина қызметкері құлап қалмайтында өзіне тепе - тендікті, орнықты тіректі қамтамасыз етеді.

2. Науқасты немесе ауыр затты көтермesten бұрын, он

4. Иллюстрациялық материал: 15-20 слайд

4. 5. Әдебиет:

Соңғы бетінде

4. 6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс)

1. Медициналық этика және деонтология негіздері.

2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.

Медициналық ұйымдардағы санитариялық-эпидемиологиялық тәртіп, түрлері, тәсілдері, құралдары.

3. АИЖ туралы түсінік, инфекциялық үрдіс.

Дәріс №7

4.1. Тақырыбы: Науқастардың жеке бас гигиенасы.

4.2. Мақсаты:

- Мейірлерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

Науқастарды санитарлық өндеу.

1. Толық (ванна, су-сепкіш).

2. жартылай(жуыну, сұртуін).

Санитарлық –тигеналық өндеудің алдында, қабылдау бөлімшесінің мейірбикесі педикулезді анықтау үшін науқас денесінің шаш бөліктерін ұқыпты карауы қажет. Биттердің ең жиі локализациялары: желкे және самай аймақтары (бас биттері) және қасаға аймағы (қасағаның биттері). Егер педикулез анықталмаса, науқастарға гиеналық ванна, су-сепкіш немесе сұртуін өткізеді де, науқасты таза аурухананың киіміне киіндіреді.

Егер педикулезді анықтағанда санитарлық өндеу басталады.

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <small>—1979—</small>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 ()	60 беттің 34 беті

ДЕЗИНСЕКЦИЯ-был жұқпалы ауруларды қоздырғыштарын тасымалдайтын зиянды жәндіктерді жою. Педикулезді анықтағанда қабылдау бөлімше мейірбикесінің іс-кимылдарының алгоритімі.

- 1.Өзіне қосымша халат және үшкіл орамалды қиу.
 - 2.Науқасты киім ілетін орында клеенкамен жайылған күшеткаға отыргызу,
 - 3.Мақта тампонның көмегімен науқастың шашын педикулезге қарсы құралмен өндөу (НИТИФОР лосьоны, Педилин су сабыны, Антибит лосьоны).
- 5жасқа дейінгі балаларға, екіқабат және бала емізетін әйелдерге фосороганикалық ерітінділерін пайдалануға болмайды!
4. Шашты үшкіл орамалмен 20 минутке тану («Ниттифор»
Лосьоны-45 минут).
 - 5.Шашты жылы сумен жуу.

6 .5-10% ас сірке су ерітіндісімен шаю. 10-15 минут бойы жиі тарақпен тарау. Қасағаның биттері болуында қасаға және қолтық астындағы түкті өндейді, 10: күкірт немесе ақ сынап майын терісіне жағады.

7.Науқастың киімін, мейірбикенің халат, үшкіл орамалын қапқа салу,дезинфекциялық камераға орналастыру.Үй жағдайларында соданың 2% ерітіндісіне 5 миут қайнату. Екі жағынан ыстық үтекпен тегістеу. Сыртқы киімді карбофоспен өндеп, 20 миутқа целлофан қапшығына салу, ашық ауада желдету.

8.Дезинфекциядан кейін ғимараттарды және заттарды сол дезинфекциялаушы ерітінділермен өндөу.Науқастың ауру тарихының парагында жоғарғы оң бұрышында қызыл түсті қарындашпен «Р» белгісін қояды.(Постмейірбикенің бақылауы 7 күннен кейін еткізіледі).

9.Жұқпалы ауру туралы төтенше хабарлама қағазын толтыру және науқастың тұратын меке-жайы бойынша аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станциясына жіберу.Содан соң мейірбикенің жетекшілігімен науқас гигиеналық ваннаны немесе су-сепкіш қабылдайды.

Науқасты бөлімшеге тасымалдау.Науқастың бөлімшеге жеткізу әдістерін ауру науқастың ауыр жағдайларын байланысына қарай дәрігер анықтайды:зембілде (қолымен немесе каталкада),кресло-каталкада, қолға алу, жаяу. Ең қолайлы, берік және сақтаныш науқастарды тасымалдаудың түрі-каталкамен. Науқасты күшеткадан каталкаға және кері жатқызу үшеуlep қолайлы болады.

1.Каалканы күшеткаға перпендикулярлы қойыңыз каталканың бас жағын күшетканың аяқ жағына.

2.Барлық үшеуі науқастың бір жағында тұрады:

- a).біреуі-науқастың басы мен жауырыны астыа қолдарын салады
- ә).біреуі-науқастың басы мен жауырыны астына қолдарын салады.
- б).үшіншісі-санның орта жағынан және балтырынан.

3.Науқасты көтеріп,каталкаға 90 жағына айналыңыз.

4.Науқас ты каталкаға жатқызып, үстін жабыңыз.

5.Бөлімшеге халі нашар науқас жіберілген туралы хабарлаңыз.

6.Науқасты, оның медициналық картасын бөлімшесіне медициналық қызыметкерімен шығарып салуында жіберіңіз.

7.Бөлімшеде каталканың бас жағын төсектің аяқ жағына келтіріңіз, науқасты үшеуlep көтеріп 90 айналып төсекке жатқызыңыз. Егер каталка болмаса 2-4 кісі зембілді қолымен апарады. Басқышпен төмен қарай науқасты аяғымен алдына апарады, әрі алдынғы жағын сәл көтереді.Басқышпен жоғары қарай науқасты баспен алдына апарады. Науқасты кресло-каталкамен тасымалдау іс-кимылдарың жүйелілігі.

1.Кіші мейірбике аяқ тығырына аяғымен басып кресло-каталканы алдына енкейтеді.

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIAСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 35 беті	

2. Науқасты аяқ тығырына тұруға сұраныз, содан соң науқасты сүйеу креслоға отырғызыңыз.

3. Кресло-каталканы негігі орынына келтіріңіз.

4 Тасымалдаудында науқастың қолдары кресло-каталканың сыртына шықпауы на байқаңыз.

Науқасты бөлімшеге тасымалдаудың әр түрінде шығарып салуынша науқасты және оның медициналық картасын палаталық мейірбикесіне беруіне міндettі.

Ойық жарападың пайда болуының қаупін сандық бағалайтын бірнеше шкалалар бар. Нортон бағалау шкаласы — бес өлшемнен тұратын баллды санайтын жүйе: физикалық жағдай, психикалық жағдай, белсенделілік, қозғалыштық және ұстамсыздық.

Нортон шкаласы бойынша: балл қаншалықты аз болса, соншалықты қауіп жоғары. 14 немесе одан төмен баллды суммада науқас қауіп аймағына енеді, ал 12 балдан төмен болса жоғарғы қауіп аймағына енеді. Бұл мейірбике бақылау картасымен қосылғанда шкала қолданысқа өте ыңғайлы, себебі күнделікті есептелген балл саны тіркеледі және соған байланысты ойық жараның алдын алатын мейірбикелік шаралар қолданылады.

ЕСМ-дің бөлімдерінде ойық жараның алдын алу мақсатында универсальді Waterlow бағалау шкаласы бойынша қолданылады. Оның қойған мақсаты «естелік жазба» сұрақтары бойынша ойық жараның алдын алу болып табылады. Аталған карта ойық жараға әкелетін факторларды анықтап, ойықтың даму қаупін бағалауды және алдын алушының емдеуді қамтамасыз етеді.

Waterlow шкаласы бойынша: балл қаншалықты жоғары болса соншалықты қауіп жоғары. Қортынды нәтижемен балдар қосылып, қауіп дәрежесі анықталады:

1-9 балл - қауіп жок

10-14 балл – қауіп бар

15-19 балл - жоғарғы қауіп дәрежесі

20 балдан жоғары - өте жоғарғы қауіп дәрежесі

Алғашқы қарau кезінде қауіп дәрежесі аз болғанына қарамастан ойық жараның дамуының қаупін анықтап бағалау жүйелі түрде жүргізілуі керек. Егер науқас қауіп тобына жатса, міндettі түрде шүғыл алдын-алу іс-шараларын бастау қажет.

Экзогенді ойықтың пайда болуының алдын алу үшін, гипс таңғышының, емдік шинада, жабысқақ пластыры қолдану кезіндегі терінің дөрекі және ұзақ басылуын жоямыз. Жарада түрған дренаж түтіктері, катетерлер және басқада құралдарды үнемі ауыстырып немесе қалпын өзгертуіп отыру маңызды.

Әндогенді ойықтың пайда болуының алдын алу үшін келесі нұсқаулар беріледі:

Нортон немесе Ватерлоу шкалаларын пайдалана отырып науқас жағдайын үнемі бағалау

Науқас қалпын әрбір 1,5-2 сағат сайын өзгерту (тұнгі уақыттада): Фаулер және Симс қалыптары, оң және сол жақ бүйірімен, ішіне (егер қарсы көрсеткіш болмаса) жатқызу. Қалып түрлері науқастың жағдайына және ауруына сәйкес ауыстырылады. Егер науқас төсегінде өз бетінше ауысқан болса, онда оны мадақтап, көмектесуіміз қажет.

Науқасты төсекте дұрыс ауыстыру – төсектен көтеріп дene қалпын өзгерту.

Арнайы құрылғыларды қолдану: қолға және аяққа білікше (білікше орнына жастық қолдануға болады), табан астына тірегіштер қолдану. Ойық жараның пайда болуы мүмкін жерлері төсекке тимес үшін тыспен қапталған немесе жаймамен жабылған резенкелі дөңгелекті қолданады.

Ойық жараға қарсы арналған гофрирленген беткейі бар матрацты кереуеттерді қолдану. Матрастың автоматты компрессорлы ұяшықтары әрбір 15 минут сайын ауамен толтырылады, нәтижесінде науқастың тінінің басылу дәрежесі өзгереді. Науқас денесінің тіндеріне қысым арқылы уқалау жүргізу қалыпты қан микроциркуляциясын қамтамасыз

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 36 беті

Етеді, бұл тері және тері асты май шелінің оттегімен және қоректік заттармен қамтамасыз етілуін күштейді.

Төсекте биомеханика ережелеріне сәйкес науқастың ынғайлы жатуын бақылау

Төсек жағдайын қадағалау (тамақ қалдықтарын сілку, төсек жаймасында қатпарлардың болмауын, тегістігін жасау).

Науқастың киімінің жағдайын тексеру (лас киімді уақытылы ауыстыру; науқас денесіне бағытталған дөрекі тігісті, ішкі түймелері бар киімдерді қолданбау).

Тері жағдайын күнделікті тексеру.

Терінің әлсіз жерлерін сабынды жылы сумен немесе дезинфициреуші ертінділермен құніне 2 рет өндеу жүргізу (қажет жағдайда бірнеше рет).

Терінің күргактығында ылғалдайтын ісмайларды қолдану, әсіресе болашақ ойық пайда болатын жерлерді. Күшті тер бөлініс кезінде - күргататын сепкіш қолдану.

Науқастың тағамдық рационын бақылау (қолданатын тағамның сапалық және сандық қасиеттерін). Рационында қажетті ақуызды, минералды тұзды және дәруменді сапасын бақылау. Қажет жағдайда диетаға өзгеріс енгізу.

Сұйықтық қабылдау режимін бақылау – тәулігіне қолданатын сұйықтық санына қарсы көрсеткіш болмаса 1,5 л аз болмауы керек. Сұйықтық саны азайса зәр концентрациясының жоғарлауына әкеледі, бұл зәр шығару жолдарының инфекциясын даму қаупін жоғарлатады.

Зәр тоқтамаған жағдайда үлкендерге арналған памперстерді қолдануға болады, оны уақытылы ауыстырып отырған жән (4 сағат сайын). Ер адамдарға сыртқы зәр қабылдағыштарды қолдануға болады. Памперсті ауыстырғанда (жаялықты) міндетті түрде сабынды жылы сумен ластанған жерледі гигиеналық өндеу жүргізіп, күргатамыз.

Бірінші қызаруы немесе терінің бозаруы пайда болған сәттен бастап лимон шырынымен, 10% камфор ертіндісімен немесе ылғалды сұлгімен сұртеміз және квару шамымен сәулелендіру емін жасаймыз.

Айқын көрінген ойық жараны шұғыл түрде калий перманганат ертіндісімен, Вишневский майымен, синтомицин эмульсиясымен немесе перуан майы қосылған самырсын бальзамымен емдейміз.

Алдын алу шаралары емдік шараларға қарағанда тиімді. Егер уақытылы шараларды дұрыс қолданса 95% жағдайда ойықтың алдын алуға болады.

4. 4. Иллюстрациялық материал: 15-20 слайд

4. 5. Әдебиет:

Соңғы бетінде

4. 6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс)

1. Медициналық этика және деонтология негіздері.

2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.

Медициналық ұйымдардағы санитариялық-эпидемиологиялық тәртіп, түрлері, тәсілдері, құралдары.

3. АИИ туралы түсінік, инфекциялық үрдіс.

Дәріс №8

4.1. Тақырыбы: Науқастарды тамақтандыру. Медициналық ұйымдарда тағаммен емдеуді ұйымдастыру.

4.2. Мақсаты:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 37 беті

Емдік тамақтандыру (диетотерапия) – комплексті емдеудің ең маңызды элементі. Эдепте, ол емдеудің басқа әдістерімен (фармакотерапия, физиотерапевтік ем-шаралар) қатар жүргізіледі. Кейбір жағдайда ас-қорыту жүйесін немесе зат алмасу процестерін емдегендегі емдік тамақтандыру басты емдік терапияға жатады, басқа жағдайда науқастың тезірек сауыгуына жағымды тиімділігін береді.

Тәуліктік емдеу рационын диета деп атайды. Диеталық тәртіп аурудың ерекшелігіне, оның кезеңдеріне, сырқаттың жағдайына қарай белгіленеді.

Кез-келген диета емдік тамақтандырудың келесі негізгі принциптерімен сипатталуы керек:

Калориялығы және химиялық құрамы (ақуыз, май, көмірсу, минералды заттар, дәрүмендердің белгілі мөлшері);

Тағамның физикалық қасиеттері (көлемі, салмағы, температурасы, консистенциясы);

Рұқсат етілген тағамдардың толық қамтылуы;

Тағамды өндөудің ерекшелігі;

Тамақтану тәртібі.

Диеталық столдар

№ 1 диеталық стол – Асказан, ұлтабар жарасы, кышқылдығы жоғары созылмалы гастрит.

№ 2 диеталық стол – Қышқылдығы төмен созылмалы гастрит.

№ 3 диеталық стол – Іш қатумен сипатталатын тоқ ішек дискинезиясы.

№ 4 диеталық стол – Іш өтүмен сипатталатын энтериттер.

№ 5 диеталық стол – Бауырдың және өт жолдарының аурулары.

№ 6 диеталық стол - Подагра ауруы.

№ 7 диеталық стол - Бүйрек аурулары.

№ 8 диеталық стол – Семіздік.

№ 9 диеталық стол – Қант диабеті ауруы.

№ 10 диеталық стол – Жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары.

№ 11 диеталық стол – Туберкулез ауруы.

№ 12 диеталық стол- Жүйке-психикалық аурулар.

№ 13 диеталық стол – Жедел жүқпалы аурулар, қызба кезеңдері.

№ 14 диеталық стол – Несептің сілтілі реакциясы мен фосфор-кальций тұздарының дамуымен сипатталатын фосфатурия.

№ 15 диеталық стол – Жалпы стол, арнайы диеталық стол тағайындауға көрсетпелердің болмауы және ас қорыту жүйесі қызыметінің қалыпты болуы.

4. 4. Иллюстрациялық материал: 15-20 слайд

4. 5. Әдебиет:

Соңғы бетінде

4. 6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс)

1. Медициналық этика және деонтология негіздері.

2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.

Медициналық ұйымдардағы санитариялық-эпидемиологиялық тәртіп, түрлері, тәсілдері, құралдары.

3. АИИ туралы түсінік, инфекциялық үрдіс.

Дәріс №9

4.1. Тақырыбы : Қарапайым физиотерапиялық әдістер.

4.2. Мақсаты:

ОНГҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIA «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 38 беті

- Мейіргерлік күтім жоспарын үйімдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

Физиотерапия(гректің *physis* – фұғыс - табиғат және *θεραπεία* - емдеу) – Физиотерапия — табиғи және жасанды түрде жасалынатын физикалық факторлардың физиологиялық пен емдік әсерін тигізетін және профилактикалық және емдік мақсаттармен оларды пайдалану әдістерін әзірлейтін медицина саласы; физикалық емдеу әдістерінің жиынтығы және олардың қолдануы.

Физиотерапияда электрмен емдеу, сумен емдеу, жылумен емдеу, механикалық әсерін тигізіп емдеу түрлері болады. Физиотерапияның жеке бөлімі болып курортология болып табылады. Осы немесе басқа физикалық фактордың қолдануына негізделген олардың әрқайсысында бірнеше емдеу әдістері бар.

Ең көп әдістер электрмен емдеуге кіреді (электр өңірін, тұрақты, айнымалы, үздіксіз және үзік электр токтарын, айнымалы электромагнитті өңірін қолдануымен бірге әдістер):

- амплипульстерапия
- диадинамотерапия
- гальванизация
- дәрілік электрофорез
- электростимуляция
- флюктуоризация
- интерференцтерапия ж.б.

Жарықпен емдеуге жарықтың энергиясын, соның ішінде ультракүлгін және инфрақызыл сәулеленулерді қолданатын әдістер кіреді. Су және бальнеологиямендеу әдістері тұзсыз суды, сонымен қатар табиғи және жасанды түрде жасалатын минералды суды қолдануға негізделген. Жылумен емдеуге жылытылған парафинның, озокерит, балшықпен емдеу, құмның, құрғақ ауаның жылуын организмге беріп жылуды қолдануға негізделген әдістер кіреді. Механикалық әсер тигізумен емдеуге ультрадыбыс терапия, вибротерапия, уқалау, мануальді терапия кіреді. Физиотерапияның қолданылуы физиотерапиялық шарапалар перифериялық, аймақтық және орталық қан айналымын жақсартуға, ауруды басуға, ұлпаның трофикасын жақсартуға, бұзылған иммундық үрдістерін реттеу әректеріне негізделген. Физиотерапияны тынышсыз жағдайларда, ісіп қызару үрдісінде, организм қатты жүдеген кезде, инфекциялық ауру асқынған кезде, туберкулезben ауырған жағдайларда, қатерлі ісік және оның бар болуына құдіктену жағдайларында, қан аурулары бар кезде, қансырау және қанауға бейім жағдайларда, жүрек ауруларында, аорта және ірі тамырлардың аортасы, орталық жүйке жүйесінің аурулары кезінде қолдануға болмайды. Физикалық факторлардың емдік және профилактикалық қолданылуы физиотерапиялық кабинеттер мен ауруханалардың бөлімшелерінде, емханалар мен басқа емдеу-профилактикалық мекемелерінде, қажет болса ауруханалардың палаталары мен үйде жасалынады.

Клиникалық медицинаның табиғи (су, ауа, құн сәулесі, құн шұғыласы) және жасанды (электр тогы, сәуле қуаты, т.б.) факторлардың адам организміне тигізетін әсерін зерттеп, осы факторларды емдеу, аурудан сақтану мақсаттарына қолдану әдістерін іздестіретін белімі.

Физиотерапияның негізгі салалары:

- сумен емдеу балшықпен емдеу гелиотерапия
- Сондай-ақ Физиотерапия:
- электр тогымен емдеу

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 39 беті

- ультрадыбыстық терапия
- жылумен емдеу
- курортология
- массажмен тығыз байланысты.

Физиотерапия физиканың, биофизиканың, биохимияның, радиотехникиның, электрониканың жетістіктерін пайдаланады.

4. 4. Иллюстрациялық материал: 15-20 слайд

4. 5. Әдебиет:

Соңғы бетінде

4. 6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс)

1. Медициналық этика және деонтология негіздері.

2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.

Медициналық ұйымдардағы санитариялық-эпидемиологиялық тәртіп, түрлері, тәсілдері, құралдары.

3. АИИ туралы түсінік, инфекциялық үрдіс.

Дәріс №10

4. 1. Тақырыбы: Дәрі дәрімектерді қолдану жолдары мен әдістері, ішке қабылдайтын дәрі-дәрмектерді үlestіру.

4.2. Мақсаты:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үрлену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

Дәрілік терапия емдік шаралардың ең маңыздысы болып табылады. Емнің жетістігі көп жағдайда мейіrbikenің тағайындалған дәрілік затты науқасқа білікті және сауатты енгізуіне байланысты болады. Ауруханада емделіп жатқан науқастарға дәрілік заттарды жаздырып алу арнайы талап қағаздарына жазылады. Дәрігер күнделікті бөлімшедегі науқасты қарап, оған қажетті дәрілік заттарды және олардың мөлшерін, қабылдау реттілігі мен енгізу жолдарын медициналық картага жазып отырады. Бақылаушы мейіrbike күнделікті науқастың медициналық картасынан арнайы дәптерге немесе тағайындау парагына көшіріп жазып алады. Бақылаушы және емшара мейіrbikelері әрбір науқасқа бөлек-бөлек барлық тағайындалған заттарды жазып белімшениң аға мейіrbikesіне береді. Аға мейіrbike бұл мәліметтерді жинастырып, белгілі бір форма бойынша жаздырып алады. Науқастарға жасалатын инъекция жайындағы мәліметтер инъекция жасайтын емшаралық мейіrbikege беріледі. Дәріханадан дәрілерді алу жөнінде талап тізімі болады. Бұл талап қағаздарында бөлімше менгерушісінің колы болуы тиіс.

Бөлімшеде үш күнге жететін қажетті дәрілік заттар болуы тиіс. Улы және есірткі заттар мен этил спиртінің талап қағазы, штампы бар арнайы бланкте латын тіліндегі жазылып, емдік мекеменің басшысының немесе емдеу жөніндегі орынбасарының қолы мен мөрі қойылады. Бұл қағазда этил спиртінің концентрациясы мен препараттардың енгізу жолдары көрсетіледі. Улы және есірткі, аса тапшы. қымбат дәрілер бөлек жазылып, науқастың аты-жөні, сырқатнамасының нөмірі, диагнозы көрсетіледі. Дәріханадағы дайын дәрілік формаларды аға мейіrbike күнделікті алып, ал дайындалуды қажет ететін дәрілерді келесі күні алады. Жедел керекті дәрілік затты дәріхана сол күні дайындалады. Дәріханадан дәрілік затты алғанда аға мейіrbike тапсырысқа сәйкестігін тексереді. Дәріханада дайындалған дәрілік формада препараттың нақты атауы, мөлшері, дайындалған күні және дәрілік затты жасаған фармацевттің қолы жазылған белгілі бір түсті этикеткасы

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIAСЫ АҚ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 40 беті

болуы қажет. Дәрілік заттарды енгізу тәсілдеріне байланысты бөлу қажет. Барлық ампуладағы және флакондағы стерильді ерітінділер емшара бөлмесінде: шыны шкафтың бір қатарында - антибиотиктер мен оның ерітінділері, келесі қатарында тамшылатып құятын ерітінді флакондары 200-500 мл, қалған қатарларында А (улы) және Б (әсері күшті) тізіміне кірмейтш қораптағы ампулалар (витамин, дигидрохолин, магний сульфат ерітінділері) тұрады.

А және Б тізіміне кіретін дәрілік заттар арнайы шкафтарда (сейфте) сақталады. Сейфтің ішкі жағында олардың тізімі көрсетіледі. А тізіміндегі дәрілік заттарды (наркотикалық аналгетиктер, атропин, және т.б.) және Б тізіміндегі заттарды (аминазин және т.б.) белек жабылатын бір сейфте сақтауға болады.

Дәріханада дайындалған залалсыз ерітінділердің сақталу мерзімі үш күн. Егер олар осы уақыт ішінде пайдаланылмаса, жарамсыздық белгілері (түсінің, мөлдірлігінің езгеруі) болмаса да оларды төгіп тастаған жөн.

Сыртқы және ішке енгізуге арналған дәрілік заттар бақылаушы мейірбикенің жұмыс орнындағы шкафта «Сыртқы қолдануға арналған» және «Ішке қолдануға арналған» деген жазулары бар әртүрлі сөрелерде сақталады. Дәріханада дайындалған сыртқы қолдануға арналған дәрілік формалардың этикеткасы сары, ал ішке колдануға арналғандардың этикеткасы ақ болады.

Дәрілік заттарды таратудың неғұрлым ұтымды тәсілі :

1) жылжымалы үстелшеге қатты дәрілік формалар бар ыдысты, сұйық дәрілік формалар бар флаконды. пипеткаларды (әрбір флаконға жеке-жеке), мензуркаларды, сұы бар графинді, қайышларды, тағайындау қағаздарын қойыныз;

2) науқастан науқасқа өте отырып, дәрілік заттарды науқастың төсегінің жаңында, тағайындау қағазына сәйкес, берген жөн

3) дәрілік заттарды науқас сіз жаңында тұрғанда қабылдағаны жөн. Дәрілік заттарды таратудың осындай ретінің артықшылығы айқын.

Кейбір емдеу бөлімшелерінде мейірбикелер уақытты ұнемдеу үшін дәрілік заттарды науқастың аты-жөні, палатасы көрсетілген торларға бөлінген астаушаға алдын ала салып қояды да күніне үш рет науқастарға таратады.

Дәрілік заттарды таратудың мұндай жолының елеулі кемшілігі бар:

1) науқастың дәрілік затты қабылдағанын қадағалау мүмкін емес;

2) таратудың жекелей схемасы сақталынбайды (дәрілік заттардың барлығы тәулігіне үш рет кабылданбайды- кейде тәулігіне 4-6 рет, кейбіреуі асқа дейін, кейбіреуі - астан кейін немесе ас кезінде, ал үшіншілері - түнге қарай);

3) кателіктер болуы мүмкін (бір науқасқа тағайындалған дәрілер, мейірбикенің көніл коймауынан, басқа науқасқа арналған торға салынып кетуі мүмкін);

4) тағайындалған дәрілік заттар туралы науқастың сұрағына жауап беру қындейді, өйткені дәрілер астаушада дәріхананың қорабынсыз болады. Мейірбике дәріні және оның мөлшерін, әсіресе әсер етуін көбінесе айта алмайды да науқастың сенімсіздігін және өзіне белгісіз дәрілерді ішкісі келмеуін туғызуы мүмкін.

Мейірбикенің дәрілік заттарды тағайындауға немесе алып тастауға немесе басқа дәрілермен ауыстыруға құқысы жоқ. Науқас шұғыл көмекті қажет ету немесе дәрілік заттарды көтере алмау жағдайы бұған жатпайды. Кез келген жағдайда тағайындауға енгізілген өзгерістер туралы дәрігерге ескерткен жөн. Егер дәрілік зат науқасқа қателесіп берілсе немесе оның бір реттік мөлшері асып кетсе, бұл туралы дәрігерге бірден айтылуы керек.

4. 4. Иллюстрациялық материал: 15-20 слайд

4. 5. Әдебиет:

Соңғы бетінде

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 41 беті

4. 6. Бақылау сұраптары (көрі байланыс)

1. Медициналық этика және деонтология негіздері.
2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.
3. Медициналық ұйымдардағы санитариялық-эпидемиологиялық тәртіп, түрлері, тәсілдері, құралдары.
3. АИИ туралы түсінік, инфекциялық үрдіс.

Дәріс №11

4.1. Тақырыбы: Дәрілік заттарды парентральді жолмен енгізу.

4.2. Мақсаты:

- Мейірлерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

Парентеральді енгізу жолдары .Бірден қанға енгізу .

Тері астына – 5-15мин. кейін әсері болады. Су ерітінділері жиі қолданылады. Май ерітінділері аз қолданылады. Жылтыу керек. Сусpenзияны, тітіркендіргіш және гипертоникалық заттарды енгізуге болмайды .

Бұлшық етке - әсер етуі тез, енуі толық, су ерітінділерді енгізуге болады. Майлы және суперзияны енгізгенде инені тамырға енгізуге болмайды. Себебі әмболия болуы мүмкін. Тамыр бітелуі .

Көк тамырға енгізу: Енгізген арада әсері басталады. Енгізу уақыты ұзақ, себебі тамшылатып енгіземіз. Дәрілік зат бірден қанға енеді. Гипертоникалық және тітіркендіргіш заттарды енгізуге болады .

Субарахноидалды енгізу. Бас және жұлын милярына енгізіледі. Бұл ағзалар геметоэнцефалды кедергімен қан системасынан бөлінеді. Бұл кедергіден кез келген дәрілік заттар өте бермейді. Содықтан, мидаң инфекциялық дертінде – менингит препараттар осы әдіспен енгізіледі. (sub arachnoidea – ми қабықшасының сұңғылік бетіне енгізіледі.). Тітіркендіргіш заттарды енгізуге болмайды.

Ингаляция арқылы енгізу: Inhalation - демалу. Ұшқыш газды және сұйық заттарды наркозға енгізеді. Аэрозолдар және эфир майларының булаты демалу органдары қабынған кезде препараттарды қабынған органға енгіземіз. Парентеральды енгізу жолдарына арналған дәрілік заттар заласыздандырылған болу керек.

Басқада парентеральды енгізу жолдары бар: ішкі артерияға , сүйек ішіне, тері үстіне, конъюнктивады, плевраға, буынға.

Дәрілік заттардың сіну механизімі: пассивті диффузия (липофильді заттарға тән концентрациясына байланысты). Сұзгіден өту(судың йонның гидрафильді молекулалардың мембранасынан өтеді). Белсенді қозгалуы(қозгалыс системасының көмегімен), пиноцитоз(клеткалық мембранның инвагинациялауынан).

Дәрілердің ағзада таралуы. Біркелкі немесе біркелкі емес болуы мүмкін. Себебі, гематоэнцефальді, гематоофтальмалды және плацентарлы бөгеттерден өтуіне байланысты. Кейбір заттар тіндерде және органдарда жиналады. Кейбір заттар қанның белогымен байланысып, біртіндеп бөлінеді, бұл ұзақ әсер етуіді қамтамасыз етеді.

Дәрілік заттардың биотрансформациясы (айналуы) тотықкан, тотықсыздандын гидролизденген. Биотрансформация процесі бауырдың микросомалды ферменттерінің қатысуымен жүреді. Кейбір препараттар (фенобарбитал, рифампицин, гризофульвин) бауыр ферменттерінің белсенділігін арттырады, бірге косылып әсер ететін препараттардың

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIAСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 42 беті

әсерін әлсіздетеді. Кейбір препарттар бауыр ферменттерінің белсенділігін төмендетеді (фуразолидон, метронидазол), бұл сэтте басқа преператтардың әсерін ұлғайтады.

Дәрілік заттардың шығу жолдары: бүйрек арқылы, бездер арқылы, ішек арқылы, ұшқыш заттар өкпе арқылы.

4. 4. Иллюстрациялық материал: 15-20 слайд

4. 5. Әдебиет:

Соңғы бетінде

4. 6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс)

1. Медициналық этика және деонтология негіздері.

2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.

Медициналық ұйымдардағы санитариялық-эпидемиологиялық тәртіп, түрлері, тәсілдері, құралдары.

3. АИИ туралы түсінік, инфекциялық үрдіс.

Дәріс №12

4.1. Тақырып: Клизмалар.

4.2. Мақсаты:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

Мақсаты: науқастың физиологиялық бөліністерін шығаруын қамтамасыз ету.

Қолдану көрсетілімдері: катаң төсек және төсек тәртібінде жатқан науқастарға ішегін және қуығын босату кезінде қолданылады.

Дайындаңыз: заарсыздандырылған дәрет сауытын (судноны), кленканы, жаялышты, қолғаптарды, кермені, суды, әжетхана қағазын, ішінде заарсыздандыратын ерітіндісі бар ыдысты, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді.

Іс-әрекет алгоритмі:

1. Науқасқа емшара мақсаты мен барысын түсіндіріп, оның келісімін алыныз.
2. Дәрет сауытын жылы сумен шайып, оның ішінде аздал су қалдырыңыз.
3. Науқасты айналасындағы адамдардан кермемен оңашалаңыз, беліне дейін көрпесін алып немесе қайырып тастаңыз, жамbastың астына кленканы, оның үстінен жаялышты тосеңіз.
4. Қолыңызды гигиеналық деңгейде тазартыңыз, қолғапты киіңіз.
5. Науқасқа аздал бір жақ қырына бұрылууна көмектесініз, аяқтарын аздал тізесінен бүгініз және сандарын екі жаққа алшақтатыңыз.
6. Сол қолды бір бүйірден сегіз көздің астына енгізіп жіберіп, науқасқа жамбасын көтеруге көмектесініз.
7. Оң қолмен дәрет ыдысын науқастың бөксерсінің астына қарай жақындастып, оны арқасына қарай бұрып, оның бұттаралығы дәрет сауыты тесігінің тұра үстінде болуы қажет, сол кезде жаялышты беліне қарай жылжытыңыз.
8. Науқасты көрпесімен немесе ақжаймасымен жауып, оны жалғыз қалдырыңыз.
9. Науқас дәретке шығып болғаннан соң, науқасты аздал қана бір қырына бұрыңыз, дәрет сауытын оң қолмен үстап тұрып, оны науқастың астынан шығарып алыңыз.
- 10.Аналь тесігі аймағын әжетхана қағазымен сүртіңіз. Қағазды дәрет сауытына салыңыз.
- 11.Дәрет сауытын, кленканы, жаялышты, кермені жинап алыңыз. Егер қажет болса, ақжаймасын ауыстырыңыз.

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 43 беті

12. Науқасқа ыңғайлы жатуға көмектесініз, көрпесімен жабыңыз.
13. Дәрет сауытын жаялышпен немесе кленкамен жауып, дәрет бөлмесіне алып кетіңіз.
14. Дәрет сауытының ішіндегісін унитазға төгіңіз, оны ыстық сумен шайқаңыз.
15. Дәрет сауытын ішінде заарсыздандыратын ерітіндісі бар ыдысқа толық батырып салыңыз. Қолғапты қауіпсіз жоюға арналған контейнерге салыңыз.

4. 4. Иллюстрациялық материал: 15-20 слайд

4. 5. Әдебиет:

Сонғы бетінде

4. 6. Бақылау сұрақтары (кері байланыс)

1. Медициналық этика және деонтология негіздері.
2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.
3. АИИ туралы түсінік, инфекциялық үрдіс.

Дәріс №13

4.1. Тақырыбы: Күйкты катетерлеу.

4.2. Мақсаты:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алу.

4.3. Дәріс тезистері:

Зәр шығыру жүйесінің бұзылуынын көріністері: зәрдің болмауы, зәрді ұстай алмауы, ісіктер, дизурия, полиурия, анурия, олигурия, гематурия, поллакиурия.

Зәр шығыру жүйесінің бұзылуы кезінде пациентке күтім көрсету ерекшеліктері. Медбикелік тексеру әдістері және тәуелсіз араласу.

Күйкты катетерлеу түсінігі. Емшараны өткізу көрсеткіштері және қарсы көрсеткіштері.

Әйелдерде және ер адамдарда күйкты катетерлеу техникасы.

Зәржинағыш және дәрет ыдысымен қамтамасыз ету.

Жеке гигиенаны және шап аралық терінің тазалығын сақтауды қамтамасыз ету

ECTE САҚТАҢЫЗДАР! Зәрді ұстай алмайтын науқастар өздерінен сезінетін жағымсыз иістен қысылып, зәр қабылдағышты үнемі қолдану қажеттілігінен қолайсыздық сезінеді. Сондықтан ол қоғамнан бас тартып, әлеуметтік оқшаулануда болады.

Сіздің іс-әрекетіңіз:

Әрқашан орнықты, мейірімді , шыдамды болу.

Дезинфекция мен күтімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда иістің болмайтындығын науқасқа түсіндіру.

Өзінің күйіне бейімделген басқа науқаспен таныстыру .

Кейде зәрдің жіті тоқтап қалуы бар науқастардың мәселесі бөтен адамдардың болуымен , олардың үялумен түсіндірледі. Сіз :

Ұялшақ науқасқа өзініздің шыдамсыздығыныңды, ашуынызды көрсетпеу.

Палатада науқасты уақытша жалғыз қалдыру .

3. Науқасты психологиялық қолдау.

КАТЕТЕРЛЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУЫПСЫЗДІК ТЕХНИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРИ

Ер адамдарды катетерлеуді қатты және жартылай қатты катетермен дәрігер өткізеді.

ОНГҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 44 беті

Егер катетерді салған кезде бөгет сезілсе, оған күш салып өткізуге болмайды, себебі зәр шығару каналын жарақаттау мүмкіндігі бар. Катетерді азғана кейін тартып, қайта салып көрген жөн. Нәтижесіз әрекеттерде, катетерді енгізуге болмайды, оны дәрігерге айту керек.

Асептиканың барлық ережелерін сақтау қажет, өйткені зәр шығару жолдарынан шырыштысының шеттері инфекцияға өте бейім.

ЗӘРДІҢ ЕРИКСІЗ БӨЛІНУІ

Зәрдің бөлінуін ұстамау және ұстай алмауын ажыратады. Зәрді ұстамау — зәр қуықтан әрдайым тамшылап немесе анда – санда білінбей тамып кетеді, өз бетімен бөлінеді.

Зәрді ұстай алмау — зәр шығаруға сезімі бар, бірақ науқас зәр шығаруды өз бетімен ұстай алмайды.

ЗӘРДІҢ ЕРИКСІЗ БӨЛІНУДЕГІ МАНИПУЛЯЦИЯСЫ

Зәр қабылдағышпен резенке дәрет ыдысын беру . Төсектік тәртіптегі ер адамға төсегіне шыны зәр қабылдағыш қояды, ол әрдайым аяқ арасында болады. Эйел адамдарға резенке дәрет ыдысы беріледі (ер адамдарғада қолдануға болады). Резенке дәрет ыдыс ойылудың алдын — алудағы шенбер ретінде қолданылуы мүмкін. Резенке дәрет ыдысының шеттерін алдын — ала шүберекпен орау қажет (резенке беткейі терімен жана спас үшін). Егер зәрді ұстай алмайтын науқас төсек тартып жатпаса ол қозғалысқа бөгет болмайтын бөксеге белбеуімен бекітілетін арнайы арнайы зәр қабылдағыш қолданылады. Мейірбике зәр қабылдағыш пен дәрет ыдысының толуын қадағалап, уақытымен босатып отыруы қажет.

Зәр қабылдағышпен дәрет ыдысының дезинфекциясы . Зәр қабылдағышты қолданған соң ішіндегі зәрді төгіп, оны сумен шаяды. Зәрдің ісін жою үшін зәр қабылдағышты 1 рет калий марганец қышқылын немесе тұз қышқылының әлсіз ерітінділерімен шаяды.

Төсекті дайындау. Төсек тартып жатқан және зәрді ұстай алмайтын науқастардың төсегінде ақ жайманың астында клеенка жатады, ол өз алдына матрасты ластанудан сақтайты. Мүмкіндік болса, арнайы матрас қолданылады, оның ортасында ыдысқа арналған арнайы тесік бар.

Терінің күтімі: науқастардың шат арасын жуу. Тері зәрдің үнемі әсерінен тітіркенеді, қабынады. Сондықтан тәулігіне 6 реттен кем емес науқасты жуындырып отыру керек. Шат арасын жуғаннан соң, теріге вазелин немесе вазелин майын, Лассар пастасын жағады. Жуу үшін марганец не фурациллин 30-35 °C –қа дейін жылтылған әлсіз еретіндісін қолданады.

Ойылудың алдын — алу. Зәрді ұстамайтын науқастарға мейірбике ойылудың алдын – алу шараларын толық көлемде жүргізуге тиісті.

Киімін ауыстыру . Төсекпен киімді ластануына қарай

ІСІКТЕРДІ АНЫҚТАУ

Бүйрек пен зәр шығару жолдарының аурулары кезінде ағзада сұйықтың көзге көрінбей бөлінуі мүмкін. Ағзадағы жасырын ісіктерден салмағының күрт үлкеоі мен зәр мөлшерінің төмендеуімен білінеді. Жасырын ісіктер науқастарды жүйелі түрде өлшеп отыруы керек. (3 күнде 1 рет). Бір уақытта , әрқашан бір киімде , таңертең аш қарынға ішекті және қуықты босатқан соң өлшеген жөн . Дене салмағының 100-200 грамға артуы жасырын ісік барын көрсетеді .

Ісіктің анықтаудағы маңызды шара — су баланысын анықтау. Су баланысын анықтау үшін мейірбике күн сайын тәулік бойы бөлінген зәрдің мөлшері мен ішкен, басқа жолдарымен ағзага енгізілген сұйықтық мөлшерін салыстырады. Бөлінген зәрдің тәуліктік мөлшері тәуліктік диурез деп аталады.

Егер бөлінген зәрдің мөлшері құйылған сұйықтық 70-80% құраса, ол қалыпты жағдай болып есептелінеді. Су баланысын тепе – теңдік қалыпта . Мысалы: 1 литр сұйық ішкендегі тәуліктік диурез 800 мл.

1000мл . -100%

ОНДҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 45 беті

800мл. – x %

x = 80 %

Егер зәр аз мөлшерде бөлінсе, сұйықтық ағзада жинақталады дегенді білдіреді. Егер керісінше зәр көп бөлінсе, онда бүйрек арқылы сұйықтықтың шығуы қатты деген сөз (зәр айдайтын дәрілерді емдейді) .

СУ БАЛАНСЫН АНЫҚТАУ

IC -ӘРЕКЕТ алгоритмі :

Этикеткасы бар, таза, құрғақ 3 литрлік шыны ыдыс дайындаңыз.

Бөлімше палата, Тәуліктік диурез, Емделушінің аты – жөні, Құні қолы

2. Таңғы сағат 6,00 науқасты оятып, зәр шығаруын сұраңыз. Алынған зәрді төгеміз (ол саналмайды).

Тәулік бойы бөлінген зәрді (келесі күннің таңғы сағат 6,00 дейін) банкаға жинайсыз немесе науқасқа түсіндіресіз. Зәрді бар банканы салқын жерде ұстаймыз.

Тәулік бойы ішілген сұйықтықтың, тағамдардың, жеміс – жидектердің, эрі порентералды енгізілген ерітінділердің мөлшерін жазып отырып қосыныз. Жеміс – жидек түрінде ішілген сұйықтық мөлшері олардың салмағына сәйкес .

Тәуліктік диурез және тәулік бойы ішілген сұйықтық мөлшерінің науқастардың емделу қағазына жазыңыз.

ЗӘРДІҢ ЖІТІ ТОҚТАУЫ

Операциядан немесе босанудан соң бірінші қүндері, жарақаттардан соң дамуы мүмкін. Жиі зәрдің жіті жүрмеуі сау адамның ыдыспен қолдану қажеттілігіне психологиялық реакция ретінде дамиды. Ен алдымен мейірбике зәр шығарды рефлекторлы түрде шығаруға тырысады. Бөлмеден бөтен адамдарды шығарып, емделушіні шыдамдылықпен бөледі. (дәрігердің рұқсатымен) науқасты көлденең жағдайдан ыңғайлы жағдайға отырғызу , су бар кранды ашу, жыныс ағзаларын жылы сумен шаю. Қуық ұстіне жылы жылытқыш салу — осы шаралар рефлекторлы зәр шығаруы мүмкін .

Осы шаралар нәтижесіз болған жағдайда дәрігердің тағайындауымен қуыққа катетерлеу өткізіледі.

ҚУЫҚТЫ КАТЕТЕРЛЕУ

Қуыққа катетер салу уретралды катетер көмегімен жүргізіледі. Уретралды катетер — зәр шығару каналына түтікше салу.

КАТЕТЕР ТҮРЛЕРИ

-резенке (жұмсақ) , темір (қатты), эластикалық (жартылай қатты). Резенке катетер — ұзындығы 25-30 см, диаметрі 0,33 – тен төмен 10мм дейін болатын резенке түтікше. Катетердің соны жабық, жаңында сопақ тесігі бар.(нелатон катетері). Тиманның темір катетері сонында иілген тұмсығы бар. Темір катетер ұстағыш , өзек және тұмсықтан тұрады. Егер ер адам катетерінің ұзындығын 30см , әйелдердікі 12-15см, кішкене иілген тұмсығы бар.

КАТЕТЕРЛЕУГЕ КӨРСЕТУЛЕР

-зәрдің жіті тоқтауы ; -қуықты жуып шаю; -қуыққа дәрәлер енгізу ; -басқа жол болмаған жағдайда зәрді тексеруге алу.

ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕР

-зәр шығару каналының жарақаты .

КАТЕТЕРЛЕРДІ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ

Катетерлерді қолданғаннан кейін залалсыздандыру алдындағы өндеудің бірінші үш кезеңінен өткізеді, содан сриң ОЗБ тапсырады. Залалсыздандыру тәртібі : 1,1 атм (автоклавта), 120 °C , 45 минут ұстайды .

ҚУЫҚТЫ ЖУУ

ОНГҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер іci-2» кафедрасы Дәріс кешені	80-11-2024 () 60 беттің 46 беті

Куықты дәрігердің белгілеуі бойынша куықтың қуықтың қабынған ауруларында аппаратпен тексерерде (цистоскопия) жуады.

Қарсы көрсеткіштер : куық катетерлеріндегідей.

Науқасты және құралдарды дайындау

Процедура алдында катетерлеудегідей сыртқы жыныс мүшелерін тазалау өткізіледі. Процедураны өткізуге тағы да сол құралдар қажет , залалсыздандырылған Жане шприци 37°C – қа дейін жылтылған антисептикалық ерітінді (0,02 % фурацилин ерітіндісі, калий перманганатының әлсіз ерітіндісі, 0,1% риванол ерітіндісі).

Куықты жуу

іс -әрекет алгоритмі :

Куықты катетерлеңіз . Зәр шыққан соң катетерді қозғамаңыз .

Жане шприцинің көмегімен катетер арқылы 150-200 мл жылы (37-38 °C) антисептик ерітіндісін енгізіңіз.

Катетерден Жане шприцин босатыңыз.

Куыққа енгізілген сұйықтық төгіледі:

